

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ТЕРРОРИЗМ мен ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ЫНТЫМАҚ ҚАЖЕТ

2-бет



Азат ПЕРУАШЕВ:

ҚАЗАҚСТАНЫМЫЗ БЕЙБІТШІЛІК БЕСІГІНДЕ ТЕРБЕЛЕ БЕРСІН!

3-бет



ТЕМІРЛАННЫҢ ТЕМІР ҚАҚПАСЫ

16-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №33-34 (1162-1163) 1.09.2025


# ҚАЗАҚ МЕКТЕБІН ҚАЛАҒАНДАР ҚАМАЛА БЕРЕ МЕ, МИНИСТР МЫРЗА?!



6 бет

«Мектепке барайық» дегенді қамай берсе, ондай сөзді мен де айтқанмын осыдан үш жыл бұрын... 2022 жылы №93 мектептің дәл осындай дауы кезінде мен де депутаттарды, ұлт зиялыларын шақырғанмын. Бірнеше депутат, ұлт зиялылары барып, сол мектепті аралас болу қатерінен сақтап қалғанбыз. Видеосы миллионға жуық, ең жоғары таралыммен тарап жүр әлі күнге дейін.
21 тамыз күні Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне, менің атыма, депутат Қазыбек Исаға Алматы қаласының белсенділері және Бостандық ауданының тұрғындары, ата-аналарынан ресми хат келді. Онда Алматы қаласы Бостандық ауданы Розыбакиев көшесінде ашылған №215 жайлы мектеп бастапқыда қазақ тілінде болатыны жоспарланған. Оқу жылы жақындағанда қала билігі «аралас мектеп» етуге кіріскен. Тұрғындар соған қатты наразы.



## ҰЛЫ АБАЙ ҰЛАҒАТЫН ҰҒЫНА БІЛЕЙІК

Иә, Абай тойы – Алаш тойы! Биыл да Абай тойын – Ұлы ақын ұлағатын ұлттық тұрғыдан ұға білудің жарқын рухани дүниесіне айналдыра білуге ұмтылып жатырмыз.

8-9 бет




# КӨКШЕТАУДА
## ҚАЗАҚ СЫНЫБЫНА БАРАТЫН БАЛА ЖОҚ?!.
### КӨКШЕТАУДА ҚАНЫ БАР ҚАЗАҚТАР ҚАЛМАҒАН БА?!.

Қазақша бірінші сынып ашылмай жатыр! Масқара!
Отыз жылда осындай құлақкесті құлдыққа қалай түскенбіз, сұмдық қой мынау?!.
Қазақтың жартысын аштықпен қырған қанішер Голощекин, қазақтың ұлт зиялыларын қастықпен қырған Сталин, әпербақан Хрущевтар істей алмаған сұмдық құлдықты кешегі отыз жыл ойына келгенін істеген Назарбаевтың ұлтсыз билігі істеп беріпті!
Міне саған, Ұлттық идеологияның нөлдігі, Отарсызданудың жоқтығы!

7 бет



## ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАННЫҢ ҚАС ТАРЛАНЫ ЕДІ...

12-13 бет

# ИДЕОЛОГИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ РАДИКАЛИЗМУ



Мы являемся свидетелями переломного момента в истории жизни на Земле. Нам выпало жить в эпоху всевозможных войн и природных катастроф, когда сам баланс жизни оказался под угрозой по вине человека. В последние годы человечество переживает небывалые потрясения – всеобщую информационную, идеологическую, гибридную, торговую, биологическую и др. войну.

5 бет




Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ТЕРРОРИЗМ мен ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ЫНТЫМАҚ ҚАЖЕТ

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөз сөйлеп, ұйым аясындағы ынтымақтастықтың маңызын атап өтті.**

Мемлекет басшысы Саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтып, Қытайдың ШЫҰ-дағы сарабдал саясатын жоғары бағалады.

– Қазақстан ШЫҰ-ның қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттердің егемендігі мен дербес дамуын құрметтеу, әділ халықаралық сауда мен өзара тиімді инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған мақсаттарын толық қолдайды. «Үш зұлымдыққа» – терроризмге, сепаратизмге және діни экстремизмге қарсы бірлескен күрес аса өзекті болып қала береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сонымен қатар Қытайдың жапон басқыншылығына қарсы күрестегі жеңісінің және Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына тоқталып, бұл тарихи даталардың халықтарды бейбітшілік пен бірлікке үндейтінін атап өтті.

– Тарихи шындықты бұрмалауға жол бермей, өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу – баршамыздың ортақ міндетіміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ны әлемдік қауымдастық тиімді әрі қажетті халықаралық құрылым ретінде мойындайтынын айтып, «Шанхай рухын» одан әрі ілгерілету жаһандық бейбітшілік үшін маңызды екенін жеткізді.

# ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

**Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы Инфекциялық аурулардың алдын алу департаментінің директоры Мейірім Сұлтанова тұмауға қарсы вакцина бірінші кезекте кімдерге салынатынын айтты.**

— Арнайы бұйрыққа сәйкес вакцина егу бірінші кезекте медицина қызметкерлеріне және созылмалы аурулары бар балаларға жүргізіледі. Одан басқа эпидемиялық көрсеткіштер бойынша да әр адам емханаларда екпе ала алады, — деді ол «Jibek joly» телеарнасындағы «Бүгін LIVE» бағдарламасында.

Сондай-ақ спикер елімізде қандай вакцина салынатынын және оның қанша данасы алынғанын атап өтті.

— Вакцина егу жұмыстары бүкіл республика бойынша 15 қыркүйекте басталады. Оған дейін жергілікті медициналық ұйымдарға жеткізіледі. Қазіргі таңда 2 млн-нан астам доза сатып алынды. Бұған дейін бірнеше жыл бойы салынып келген «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылады, — деді Мейірім Сұлтанова .

Оның айтуынша, екпе салынған соң адамдарда асқыну болған-болмағанына мониторинг жүргізіліп отырады.

Еске сала кетсек, Қазақстанның бас мемлекеттік санитар дәрігері Сархат Бейсенова тұмау, ЖРВИ және COVID-19 инфекциясы бойынша 2025-2026 жылдардың эпидемиялық маусымында санитарлық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу туралы қаулыға қол қойды.



# БАЛАБАҚША КЕЗЕГІ ҮШ ЕСЕ ҚЫСҚАРДЫ

**Биыл Қазақстандағы 11,8 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйымдарда 1 миллионнан астам бала тәрбиеленуде. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі хабарлады.**

Министрліктің мәліметінше, 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту деңгейі 93,1 пайызға жетіп, жыл соңына дейін 95 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Жаңа енгізілген ваучерлік қаржыландыру жүйесі нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдарға кезек айтарлықтай қысқарды.

– Жыл басынан бері кезек 44 пайызға қысқарды. Соңғы екі жылда бұл көрсеткіш үш есеге азайды, – делінген министрлік хабарламасында.

Аталған жүйе қызмет сапасын арттырып қана қоймай, саланың ашықтығын қамтамасыз еткен. Оның арқасында 11 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты үнемделген. Қазіргі таңда жоба 20 қала мен 7 ауданда іске асырылуда. Қыркүйектен бастап ваучерлік қаржыландыру кезеңімен барлық балабақшаға енгізілмек.

Жаңа орындар ашу бағытында да нақты қадамдар жасалып жатыр: тек биылдың өзінде 179 жаңа балабақша іске қосылды. Ал соңғы 6 жылда мектепке дейінгі ұйымдардың саны 1600-ге артқан. Бұған қоса, 260 мемлекеттік балабақшада жөндеу жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базасы нығайтылды.

Балабақшаға бармайтын балалар үшін ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің саны да артты. Жыл басынан бері олардың саны 4,2 мыңнан 5,5 мыңға жетті.

Жаңа оқу жылынан бастап мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасы мен «Беске дейін үлгер» жобасы кеңінен енгізіледі. Бұған дейін олар 5 өңірде сынақтан өтіп, 135 балабақшада 7 мыңнан астам бала мемлекеттік тілді меңгерген болатын.

Сондай-ақ қыркүйек айынан бастап балаларды еңбекке ерте баулу мақсатында пилоттық режимде 100 балабақшада 12 мың балаға арналған жаңа жоба іске қосылмақ.

# ТАҒЫ БІР ҚУАНЫШТЫ ХАБАР КЕРЕКУДЕН КЕЛІП ЖЕТТІ!

**Павлодардағы Достық ықшамауданындағы жайлы мектептің қазақша болуын талап еткен ата-аналар хаты бойынша Үкіметке, Оқу ағарту министрі Ғани Бейсенбаевқа депутаттық хат жолдап, оң жауабын алған едік кезінде!. Енді міне, Білім мерекесі күні Павлодардағы жайлы мектеп қазақ тілді болып, оқушыларға айқара есік ашты! Жаңа мектепті Оқу министрінің өзі барып ашыпты! Құтты болсын!**

Алаш арыстары Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек еліндегі жаңа жайлы мектебінің оқушылары мен ұстаздарына Ақ жол тілейміз!

Осы мектептің қазақ тілді болып ашылуы жолында еңбек еткен азаматтарға, сол үшін Астанаға парламентке келген белгілі тіл күрескері Ruza Beisenbaitegi апайға, Ертай Қабылқақ бауырымызға және тб белсенділерге Алғысымыз зор!

Мектеп қазақша болмай, Мемлекет қазақша болмайды!

Алла жар болсын!

Ақ жол!

**Қазыбек ИСА**

# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖАҢА МЕКТЕПТЕР АШЫЛДЫ

**Жаңа оқу жылы қарсаңында Түркістан облысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 8 жаңа мектеп пен 2 жалпы орта білім беру ошағы пайдалануға берілді.**

Атап айтқанда, Төлеби ауданының Достық ауылында 900 орындық, Сайрам ауданының Ақсу ауылында 600 орындық жаңа мектептер есік ашты. Бұдан бөлек, Шардара, Сауран, Келес, Сарыағаш, Ордабасы, Мақтаарал аудандары мен Арыс қаласында да 300-600 орындық оқу ошақтары қолданысқа берілді. Бұл – өңірдегі білім инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

Сайрам ауданындағы Ақсу ауылында жаңа мектептің ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Нұралхан Көшеров ұстаздар мен оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, жобаның маңыздылығына тоқталды.

– «Келешек мектептері» – жай ғана ғимарат емес, сапалы білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған кешенді реформа. Биыл өңірімізде осы жобамен 8 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Бұл – болашаққа салынған көпір. Мұғалімдер мен оқушылардың заманауи әрі қолайлы ортада еңбек етіп, білім алуы – еліміздің интеллектуалды әлеуетін арттыратын басты құрал. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса береді» – деді облыс әкімі.

Жаңа мектептер заман талабына сай толық жабдықталған: мәжіліс залы, заманауи шеберханалар, кітапхана, асхана, спорт және хореография залдары, медициналық кабинеттер мен бейнебақылау жүйелері қарастырылған. Мұнда оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға, цифрлық сауаттылығын арттыруға, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға басымдық берілген.

Айта кетейік, бүгінде облыста жалпы саны 23 мың балаға арналған 29 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Оның 13-і өткен оқу жылында пайдалануға берілсе, биылғы жаңа оқу жылында тағы 16 мектеп оқушыларға есік ашпақ. Сондай-ақ Президенттің тапсырмасына сәйкес үш жыл ішінде өңірдегі 115 мектеп жаңғыртудан өтеді. Биылдың өзінде 100 мектеп жөндеуден өткізілді.

Жаңа форматтағы оқу орындары ұстаздардың кәсіби өсуіне жол ашып, келешек ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге негіз болмақ.

# «АЛТЫН АДАМ» ФИЛЬМІ КӨРЕРМЕН КӨЗАЙЫМЫ АТАНДЫ

**Қазақстандық «Алтын адам» анимациялық фильмі Иорданияда өткен IV Халықаралық балалар кинофестивалінде көрермен көзайымы жүлдесін жеңіп алды.**



Бұл фильм ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген. Режиссерлері – Тұрдыбек Майдан мен Тілек Төлеуғазы, ал сценарийін Әннас Бағдат пен Ұларбек Нұрғалым жазған.

Фестиваль 15–21 тамыз аралығында Иорданияның Корольдік кинокомиссиясының ұйымдастыруымен, ханшайым Жәлилә бинт Әлидің қолдауымен өтті. Байқау бағдарламасында Қазақстан, Қытай, Нидерланд, Латвия сияқты елдерден ұсынылған балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік фильмдер көрсетілді.

Отандық анимациялық туынды 5 маусымнан бастап Қазақстан кинотеатрларында прокатқа шыққан болатын. Фильмде Хан Тәңірі шыңына сапар шеккен сақ жауынгерінің ерлігі бейнеленеді. Картина батылдық пен ерлік, адалдық пен ар-намыс тақырыптарын көтереді.

Жобаның негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдерді ізгілікке баулу, ұлттық құндылықтар мен рухани мұраттарды дәріптеу.

**Азат ПЕРУАШЕВ:**

# ҚАЗАҚСТАНЫМЫЗ БЕЙБІТШІЛІК БЕСІГІНДЕ ТЕРБЕЛЕ БЕРСІН!

**Мемлекетіміздің Негізгі Заңының 30 жылдығына арналған бүгінгі конференцияда Президент Қ.Тоқаев қазақ халқының байырғы заңдарынан бастап 2022 жылғы конституциялық реформаға дейінгі Республиканың құқықтық дәстүрінің тарихи сабақтастығына тоқталып, Қазақстанның құқықтық жүйесін одан әрі дамытудың әлеуеті туралы нақты үндеу жасады.**




Осы тақырыпты қозғай отырып, 1910 жылы Алаш қайраткері Барлыбек Сырттанұлы әзірлеген «Қазақ елінің жарлығы» жобасын да дәуірлер тоғысындағы ұлттың іргелі құжатын әзірлеудің алғашқы талпынысы ретінде атап өтуді қажет деп санаймын. Бұл жоба Әлихан Бөкейханның бастамасымен XX ғасырдың басындағы қиын-қыстау жағдайда қазақ халқының өмірін түбегейлі өзгерту мақсатын көздеген сол кездегі демократиялық мемлекеттер тәжірибесін жалпылаудың алғашқы әрекеті болды.

Өздеріңізге белгілі, «Ақ жол» демократиялық партиясы 2022 жылы Қ.Тоқаевтың конституциялық реформасын және ең алдымен «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тежемелік пен тепе-теңдік қағидатын еш ойланбастан қолдады.

Біз бұл реформаны түсіндіру жұмыстарына барынша белсенді қатыстық: ірі қалалардан бастап шалғай ауылдарға дейін «Ақ жол» демпартиясының активі сайлаушылар арасында Конституцияның ұсынылып отырған жаңашылдықтарын түсіндіру үшін жан-жақты ат салысты. Одан бөлек, референдум өткеннен кейін тура бір апта өткенде «Ақ жол» фракциясының бірінші депутаттық сауалы Конституцияның жаңа мүмкіндіктеріне арнайы арналған болатын.

Қазақстан халқының жер мен жер қойнауына меншік құқығы туралы норманың қабылдануына байланысты біз шетелдік инвесторлармен жер қойнауын пайдалануға арналған барлық келісімдерді (соның ішінде ірі мұнай-газ кен орындарына арналған ӨБК), сондай-ақ, олардың нақты бенефициары өз жері мен жер қойнауының толық меншік иесі ретінде Қазақстан халқы болуы үшін шарттарды жариялауды талап еттік.

Одан кейін, заңдарды Конституцияның жаңа редакциясына сәйкес келтіру мақсатында заңнамаға өзгерістер дайындау барысында «Ақ жол» демпартиясы 2022 жылдың 22 шілдесінде түрлі заңдарға 60-тан астам түзетулерден тұратын өз пакетін әзірлеп, Мәжіліске ұсынды.

Өкінішке орай, олар кейіннен үкімет пен билік партиясы тарапынан қолдау таппады, бірақ уақыт өте келе олардың көпшілігі жүзеге асырылатынына сенімдіміз – мысалы, парламенттік партиялардың үкіметті құруға қатысуы, парламент пен мәслихаттардың өкілеттіктерін одан әрі күшейту және олардың мемлекеттік бюджетті бақылауы және т.б.

«Ақ жол» демократиялық партиясы Қ.Тоқаевтың конституциялық реформасымен Қазақстанның саяси жүйесінде орын алған өзгерістерді, жеке өзінің күш-жігері мен әділетті мемлекет құруға жұмсап жатқан қуатын жоғары бағалайды.

Иә, кейде бұл әрекеттердің бюрократияға, тіпті саботажға ұшырайтынын мойындауға тура келеді, бірақ біз парламенттік саяси партия ретінде алға қойылған мақсаттардың шындыққа айналуы үшін соған жауаптымыз.

Оның үстіне бүгінде көптеген нәтижелер айқын көрініп тұр – мысалы, қалалар мен облыс орталықтары әкімдері сайлауының енгізілуі.

Мәселен, ауыл әкімдерінің сайлауына келсек, «Ақ жол» демпартиясының 20-ға жуық мүшесі осындай сайлауларда жеңіске жетіп, бүгінде жерлестеріне абыроймен қызмет етуде. Жоғары деңгейдегі көппартиялы әкімдер мен түрлі парламенттік партиялардан келген үкімет мүшелерін көретін күн де алыс емес деп сенеміз.

Қазақстанның прогрессивті және өркениетті мемлекетке кезең-кезеңімен, бірақ тұрақты түрде айнымас жолымен сенімді қадам басып келе жатырмыз деп санаймыз.

Конституциялық реформаның маңызды элементі саяси жүйедегі ғана емес, сонымен қатар құқықтық жүйедегі де өзгерістер болды. Атап айтқанда, Әкімшілік-процессуалдық кодекстің қабылдануы мен әкімшілік соттар жүйесін құру: жаңа Салық кодексін талқылау барысында фракциямыз салық органдары мен кәсіпкерлер арасындағы салықтық даулар бойынша істерді әкімшілік соттарға беруді талап етуде, бұл мемлекеттік органдардың мүмкіндіктері мен олардың әкімшілік ресурстарын жеке кәсіпкерліктің құқықтары мен мүмкіндіктерімен теңестіреді.

Мұндай жаңашылдықтар қатарына Кассациялық соттың пайда болуын жатқызуға болады, бұл қазақстандықтардың кейбір жағдайларда өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мүмкіндігін нығайтты.

Тағы бір іргелі шешім – Конституциялық Кеңестің Конституциялық Сот болып қайта құрылуы болды. Біз өз тәжірибемізде азаматтар мен кәсіпкерлердің заңды мүдделерін бұзған бұрынғы нормалардың кезең-кезеңімен жойылып жатқанын көріп отырмыз – мысалы, кәсіпорындардағы функционалдық міндеттерді бөлуді ұйымдасқан қылмыстық топтың белгісі ретінде айыптау үшін пайдалануға жол бермеу туралы «Ақ жол» демпартиясы мен адвокаттар қауымдастығының күштік құрылымдармен көптен бергі пікірталастарын келтіруге болады.

Бір реттік жеті жылдық президенттік мерзімді енгізу, Президент туыстарының мемлекеттік органдарда басшылық қызметтер атқаруына тыйым салу және т.б. конституциялық реформалардың батыл тұстарын айтпай кетуге болмайды. Бұл талаптар біздің аймақ үшін ғана емес, жалпы әлем үшін жаңашыл, тіпті революциялық екені сөзсіз.

Жүргізілген құқықтық, саяси және экономикалық реформалардың арқасында Қазақстан дамудың сапалық жаңа деңгейіне көтеріліп, мүлдем өзге парадигманы таңдады.

Ал азаматтарымыздың (ең алдымен, жастардың) спорттағы, ғылымдағы, білімдегі табыстары, жаңа өндірістерді енгізуі, ұлттық экономиканың өсу қарқыны, ауқымды инфрақұрылымдық өзгерістер – соның іс жүзіндегі дәлелі.

Мемлекет басшысының барлығының заң алдындағы теңдігі туралы түбегейлі талабы, оның үнемі айтып отыратын «Заң және тәртіп» максимасы – бұл Қ.Тоқаев бағытының негізгі элементтерінің бірі, идеологиядағы новелла ғана емес, сонымен қатар, көкірек көзі ашық және құқықтық қоғамға қарай үдемелі қозғалыстың заңды және экономикалық мағынада даусыз шарты болып табылады (мысалы, заңсыз шығарылған капиталды елге қайтару, олигополияларды жою мен адал бәсекелестікті қамтамасыз ету).

Адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту, өлім жазасын алып тастау, адам саудасы мен нашақорлықпен күрес, мемлекеттің зайырлылы сипатын сөзсіз қамтамасыз ету бағытын бөлек атап өткен жөн.

Адам, оның өмірі мен құқықтары Конституцияның басты құндылығы ретінде танылады – бұл декларативті мәлімдеме емес, нақты норма, Қаңтар қатысушыларына рақымшылық жасау немесе Конституцияның мерейтойына орай жасалған биылғы рақымшылық сияқты шаралар соны растайды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Конституция мен конституциялық құрылыс заман талабына сай мемлекетпен, халықпен бірге дамуы тиіс тірі организм деп толық дұрыс айтады. Оның үстіне бұл талаптарға цифрландыру, технологиялардың қарқынды өсуі және т.б. сияқты өркениеттің жаһандық дамуы талап ететін сыртқы геосаяси сын-қатерлер де (халықаралық құқықтың байқалып отырған дағдарысы аясында), ұлттың өзінің кемелденуі де, ұлттық мүдделердің қорғалуы да жатады.

Мұндай жағдайда конституциялық құрылысты нығайту, экономикалық және саяси өсуді қамтамасыз ету, адам капиталын ауқымды жаңғырту арқылы Тәуелсіздігімізді қорғай отырып, бүкіл әлеммен бірге дамудан басқа амалымыз жоқ. Ата Заңда бекітілген құқықтық дәстүр мен әлеуеттің бүкіл тарихы – ұлтымыздың өркендеуіне кең мүмкіндіктер ашатын қуатты мемлекеттің тұғырнамасы.

«Ақ жол» демократиялық партиясы барша қазақстандықтарды және мемлекет басшысын Конституцияның 30 жылдығымен құттықтайды.

Сүйікті Қазақстанымыз көркейіп, бейбітшілік бесігінде тербеле берсін.

# ПАРТИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ПЛЕНУМЫ ӨТТІ

**«Ақ жол» Демократиялық партиясының орталық ғимаратында партияның Ұлттық кеңесінің пленумы өтіп, бірқатар мәселелер қаралды. Атап айтқанда, пленум «Ақ жол» демпартиясы Ұлытау облыстық конференциясының Демпартияның Ұлытау облыстық филиалына жаңа төрағаны сайлау туралы биылғы жылғы 25 шілдедегі шешімін бекітті.**

Бір ауыздан қабылданған шешіммен «Ақ жол» Демпартиясы Ұлытау облысы филиалының жаңа төрағасы болып «Samadi A group» ЖШС директоры әрі «Samadi» компаниялар тобының бас директоры, 35 жасап Әлібек Исин тағайындалды.

Сонымен қатар, пленум Мәжіліс депутаты Ержан Бейсенбаевтың өз өтініші бойынша өкілеттігін тоқтату туралы өтінішін қанағаттандырып, «Ақ жол» демпартиясының партиялық тізімі бойынша Мәжіліс депутатының босаған мандатын (жастар квотасы аясында) «Ақ жол» демпартиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Олжас Нұрлдиновка тапсыру туралы шешім қабылдады.

Е.Бейсенбаевқа фракция жұмысына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс айтылды. Жетісу өңірінің тумасы, Ержан Алмабекұлының Мәжілістегі жұмыс жылдарында өсіп-өркендеп, лайықты саясаткер ретінде қалыптасқаны аталып өтілді. Ол үнемі «Ақ жол» демпартиясының ұстанымдарын басты орынға қойып, депутаттық сауалдарының саны мен сапасы жағынан Мәжілістің белсенді депутаттарының бірі болды.

Ержан кәсіпкерлер мен қарапайым азаматтардың заңды мүдделерін табандылықпен қорғай білді. Атап айтқанда, Алматы облысындағы жүздеген отбасының үйлерін шенеуніктердің ойсыз шешімдерінің салдарынан аман алып қалды.

Партияластар атынан «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев атқарған жұмысы үшін оған шын ризашылығын білдіріп, батыр белдігін табыстады.

«Саған шапан жабу туралы ұсыныстар айтылды, бірақ, шапан киюге әлі жассың, ал, батырлыққа жасың да, жасаған ісің де сай келіп тұр» деп сый-сияпатын табыстады партия төрағасы.

Жаңадан бекітілген кандидат О.Нұралдиновке Е.Бейсенбаев көтеріп кеткен «Ақ жол» демпартиясы жас депутаттарының биік тұғырын аласартпау турасында айтылды.

Анықтама үшін: Олжас Нұралдинов, 1989 жылы туған, кәсіпкер, «Ақ жол» демпартиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы. «Ақ жол» демпартиясының партиялық тізімі бойынша Алматы қалалық мәслихатының депутаты, мәслихаттың экономика және қаржы жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары болды. III және IV шақырылымдағы Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі.

Мәжіліс депутатының мандатын беру туралы шешім ҚР Орталық сайлау комиссиясында тіркелуге жатады.

Пленум соңында Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен Құрылысшылардың кәсіби күніне орай марапатталған бір топ ақжолдықтарға жоғары мемлекеттік наградалар табыс етілді.



Азат ПЕРУАШЕВ:

# «АҚ ЖОЛ» ЕЛДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕГІ СЕНБІЛІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ

«Ақ жол» демпартиясы еліміздің барлық өңірлерінде өткен сенбілікке қатысты.

Көшелер мен саябақтарды тазалауға Мәжіліс, жергілікті мәслихат депутаттары, жастар кеңесінің мүшелері мен партия белсенділері шықты.

Өз үйіміз - өлең төсегіміз Қазақстанымызды өзімізден басқа ешкім таза әрі одан жақсы ете алмайды.

Әрине, қалалардағы, ауылдардағы, көшелер мен аулалардағы тазалық пен тәртіп күн сайын сақталуы тиіс, сенбіліктер тұрғындардың сапалы өмір сүруге деген күнделікті ұмтылысы мен күш-жігерін алмастыра алмайды.

Сондықтан Президент Қ.Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бастамасы - бұл ең алдымен әркімнің өз үйіне, өмір сүретін ортасына деген жауапкершілігі. Бұл біздің сүйікті қалаларымыз бен ауылдарымыздың тартымды келбетіне әркімнің үлес қосуының маңыздылығын бағалаудың тағы бір жақсы, тіпті жаһандық себебі.

Бұл тек біздің қоршаған ортамызға және біз тұратын жерлерімізге ғана емес, сонымен қатар біздің істерімізге де қатысты: тазалық пен адалдық істеріміз бен өміріміздегі әділдік пен тәртіптің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНА ІССАПАРМЕН КЕЛДІ



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясының төрағасы Азат Тұрлыбекұлы Перуашев Шымкент қаласына арнайы іссапармен келді.

Сапар барысында депутат бірқатар әлеуметтік және медициналық нысандарды аралап, тұрғындармен кездесіп, олардың өзекті мәселелерін тыңдады.

Соның ішінде «ОЛИМП» клиникалық-диагностикалық зертханасының жұмысымен танысты. 2007 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан бұл мекеме бүгінде Қазақстандағы жекеменшік зертханалардың ең ірі желілерінің біріне айналған. Қазіргі таңда «ОЛИМП КДЗ» желісінің ел аумағында 600-ден астам емдеу кабинеті және 20 зертханасы бар.

Зертхана заманауи халықаралық стандарттарға сай медициналық талдаулардың кең түрін ұсынады. Мұнда әлемдік өндірушілердің кәсіби жабдықтары орнатылып, анализдердің дәлдігі мен уақытылы нәтижесі қамтамасыз етіледі.

Сапарға «Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалының төрағасы, мәслихат депутаты Батырбек Мырзакелдіұлы Аширбаев, сондай-ақ мәслихат депутаттары Исламбек Насруллаұлы Төлебаев, Мұхтар Асқарұлы Шимиров, партия төрағасының орынбасары Адай Кенжебайұлы Шуханов қатысты.

Кездесуде партия өкілдері мен қала тұрғындары денсаулық сақтау саласын жетілдіру, халыққа қолжетімді медициналық қызмет ұсыну және өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешу бағытындағы ұсыныстарды талқылады.

Сонымен қатар іс-шара барысында «Ақ жол» партиясының қатарына жаңа мүшелер қабылданып, оларға партиялық билеттер табысталды.

Жиында «Олимп» зертханасының басшылығы тарапынан да бірқатар мәселелер көтерілді. Атап айтқанда:

• жаңа Салық кодексі аясында бизнестің құқықтық қорғалуы;

• салықтық тексерулерді тағайындаудың ашық механизмін енгізу қажеттігі;

• мемлекеттік медициналық ұйымдардың жекеменшік ұйымдар алдындағы қарыздарын өтеу мәселесі сөз болды.

«Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалының төрағасы, мәслихат депутаты Батырбек Мырзакелдіұлы Аширбаев бұл ұсыныстардың барлығы назарға алынатынын айтып, оларды тиісті мемлекеттік органдардың қарауына жеткізетінін атап өтті.

Азат Перуашев сапар барысында ол «QAZALPACK» ЖШС қызметімен танысты. Бұл компания – Орталық Азияда алғаш болып қақпағы бар алюминий банкаларын шығаратын бірегей жобаны жүзеге асырып жатқан өндіріс орны. Жалпы аумағы 20 мың шаршы метрді құрайтын заманауи зауыт жылына 500 миллион банка өндіруге қауқарлы. Өндіріс ошағы АҚШ-та жасалған жоғары технологиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Жоба аясында шырындар мен газдалған және газдалмаған сусындарға арналған әртүрлі көлемдегі, жеңіл ашылатын қақпағы бар алюминий банкалары шығарылмақ. Компания Қазақстан нарығында алюминий ыдыстарының 80%-ға дейінгі үлесін қамтуды жоспарлап отыр.

Экологиялық артықшылықтарына тоқталып өтер болсақ, алюминий банка – әлемдегі ең экологиялық әрі қайта өңдеуге қолайлы қаптама түрлерінің бірі. Бүгінде мұндай ыдыстардың жартысынан астамы қайта өңдеуге жіберіледі және оларды шексіз қайта пайдалануға болады.

Сапарға «Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалының төрағасы, мәслихат депутаты Батырбек Мырзакелдіұлы Аширбаев, сондай-ақ мәслихат депутаттары Исламбек Насруллаұлы Төлебаев, Мұхтар Асқарұлы Шимиров, Дулат Саттарұлы Қуашпаев және партия төрағасының орынбасары Адай Кенжебайұлы Шуханов қатысты.

*Шымкент қалалық филиалы*



Азат ПЕРУАШЕВ:

# ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ «ASMA INDUSTRIAL» ЗАУЫТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ РЕТТЕЛДІ

«Asma Industry» сәуір айынан бастап сериялық өндірісті жолға қойғанымен, әділетсіз бәсекелестікке тап болды: CT-KZ сертификаты бар, бірақ отандық өндірісі күмәнді кейбір компаниялар жұмыс істеп жатқаны анықталды.

Зауыт осындай құрылымдардың «отандық өндіруші» мәртебесін нақтылау үшін «Ақ жол» демпартиясына жүгінді. Сол өтінішке сәйкес біз уәкілетті мемлекеттік органдарға аталған CT-KZ сертификаттарының қазақстандық қамту талаптарына сәйкестігін тексеруді сұрап, ресми сауал жолдадық.

Биыл көктемде тауардың шыққан елін айқындау туралы заңға енгізілген түзетулер де кездейсоқ емес. Атап айтқанда, ҰКП жүйесіндегі жиі бұрмалаушылықтарға байланысты CT-KZ сертификаты алынып тасталып, енді Өнеркәсіп министрлігі жүргізетін Отандық өндірушілердің тізіліміне кошу қарастырылды.

Asma Industry жағдайы – осы шешімнің дұрыстығын көрсететін айқын мысал.

Кәсіпорын жетекшісі Серікбай Әжмағамбетовтің айтуынша, біз араласқаннан кейін жағдай оңала бастады. Ұлттық компаниялар хабарласып, зауыт алғашқы шағын тендерлерді жеңіп алды.

Біз отандық өндіріс пен жаңа технологияларды игеруге бағытталған инвестициялар мемлекет пен квазимемлекеттік сектор тарапынан жан-жақты қолдау табуы қажет деп санаймыз. Бұл – «Ақ жол» демпартиясының басты міндеттерінің бірі.

Осындай және басқа да ұқсас мәселелерді тұрақты бақылауда ұстаймыз.

# ДЕПУТАТ КЕРАМИКА ЗАУЫТЫНЫҢ АХУАЛЫМЕН ТАНЫСТЫ



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясының төрағасы Азат Тұрлыбекұлы іссапар аясында ол қаланың ірі өндіріс орындарының бірі – керамикалық өнімдер шығаратын «Wan Cheng Ceramic» кәсіпорнында болды.

Бұл зауытта бүгінде заманауи технологиялар қолданылып, халықаралық стандарттарға сай өнімдер өндіріледі. Мұнда шығарылатын керамикалық плиталар мен әрлеу материалдары сапасы мен беріктігімен ерекшеленіп, құрылыс саласында кеңінен қолданылады. Кәсіпорын өнімдері тек отандық нарыққа ғана емес, шетелдік тұтынушыларға да жеткізіледі.

Мәжіліс депутаты Азат Перуашев зауытты аралап, өндіріс барысымен танысты. Оның айтуынша, кәсіпорында экологиялық таза шикізат пайдаланылып, дайын өнім экспортқа да шығарылады. Сарапшылардың мәліметінше, мұндағы керамикалық плиталар құрылыс саласында үлкен сұранысқа ие.

Компания зангері Жәмила Мамырованың айтуынша, зауыт алдағы уақытта өндірістік қуатын арттырып, жаңа жобаларды жүзеге асыруды және өнім түрлерін көбейтуді жоспарлап отыр.

Сапар барысында Мәжіліс депутатына «Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалының төрағасы, мәслихат депутаты Батырбек Мырзакелдіұлы Аширбаев, сондай-ақ қалалық мәслихат депутаттары Исламбек Насруллаұлы Тулебаев, Мұхтар Асқарұлы Шимиров, және төраға орынбасары Адай Кенжебайұлы Шуханов еріп жүрді.

*Шымкент қалалық филиалы*

№33-34 (1162-1163) 1.09.2025
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ИДЕОЛОГИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ РАДИКАЛИЗМУ

**Мы являемся свидетелями переломного момента в истории жизни на Земле. Нам выпало жить в эпоху всевозможных войн и природных катастроф, когда сам баланс жизни оказался под угрозой по вине человека. В последние годы человечество переживает небывалые потрясения – всеобщую информационную, идеологическую, гибридную, торговую, биологическую и др. войну.**



### СВЯЗЬ ВЕРОВАНИЙ И РЕЛИГИЙ С ПОЛИТИКОЙ

Издавна известна тесная связь верований и религий с политикой. Недаром вслед за завоевателями в Америке или Африке шли миссионеры, «ловцы человеков»: религия была и остается эффективным орудием управления народами. Человеческая история изобилует религиозными войнами, и именем Бога совершались чудовищные преступления.

В последние годы в африканских странах мировыми игроками также используется религиозная карта – радикальные религиозные организации и их лидеры для свержения светских правительств.

Вот, например, что пишет бывшая госсекретарь (1997–2001) и постпред США при ООН (1993–1997) Мадлен Олбрайт: «Африканский ислам традиционно отличался своей умеренностью. Экстремизм был занесен сюда извне. Вместе с деньгами, ассигнованными на строительство новых мечетей и общественных центров, в Африку прибыли мусульманские радикалы» (https://knife.media/black-islam/).

И это характерно для XXI в.: теракт 11 сентября 2001 г. без достоверных доказательств был приписан «исламским террористам», чтобы начать войну с ними, а точнее – с целой страной. И вместе с этим в мировую идеологию был привнесён термин «Исламский терроризм». Хотя за тем же Бен Ладеном, «Аль-Каидой» или «Талибаном» в своё время стояли спецслужбы разных стран. Спецслужбы умело управляют сектами и радикальными организациями.

В то же время религиозные идеологии и разногласия часто накладываются на другие причины конфликтов, такие как политические, экономические и этнические. Например, религиозный экстремизм, связанный с Исламом, явился одним из факторов в таких конфликтах, как война в Сирии, Афганистане, Ираке. Также религиозные противоречия присутствуют в израильско-палестинском, израильско-иранском конфликтах.

В недавном военном конфликте между Израилем и Ираном был неприкрытый религиозный фактор. Ведь аятолла Али Хаменеи неоднократно называл Израиль «раковой опухолью» Ближнего Востока, для уничтожения которой призывал начать священную войну. В Иране противостояние с Израилем описывался как «религиозный долг» мусульман.

А название израильской операции «Восходящий лев» на ядерные объекты Ирана отсылает на библейский текст (книги Числа): «Вот народ, который поднимается, как львица, и, как лев, возвышается. Он не ляжет, пока не будет пожирать добычу и пока не будет пить кровь убитых».

Т.е. в военном конфликте имелся очень даже нескрываемый межрелигиозный контекст, есть ссылки на Ислам, на Библию.

Сегодня стало общеизвестным фактом, что религия используется в корыстных целях и в экстремизме, и в терроризме.

Когда приходят чуждые идеи, то они несут с собой и угрозы. Например, возникший в XVIII в. ваххабизм (в настоящее время используется термин «салафизм») как «чистый Ислам» отрицал сложившиеся мазхабы как религиозный опыт многих народов и стран в течение тысячелетия.

Даже появилось понятие «безмазхабность», которое отрицало «законность сложившихся мазхабов и призывал к непосредственному чтению текстов Корана и сунны, откуда они берут своё начало. Позднее крайняя враждебность к мазхабам исчезла из учения саудовских улемов, но изначальное предосудительное отношение уцелело в других кругах и распространилось по всему исламскому миру» (информация из «Википедии»).

И с XVIII в. появилась идеологическая основа возникновения конфликтов среди и против мазхабов, среди мусульман, чего раньше не было.

### В УСЛОВИЯХ ГИБРИДНЫХ ВОЙН – РАЗВИТИЕ ИДЕОЛОГИИ

В таком сложном геополитическом контексте особую роль играет информационная и идеологическая составляющая любого государства, в том числе и в религиозной сфере.

По сути, мы бросались из одной крайности в другую. Так, на заре независимости вместо развития традиционной духовной культуры в Казахстане объявили полную свободу вероисповедания, в результате чего в страну хлынули всевозможные религиозные организации и секты, причем как с Востока, так и с Запада.

Как следствие, вместо учреждений культуры, науки и образования открылись тысячи мечетей, церквей, синагог. По всей стране стали закрываться книжные магазины, писатели остались без гонораров, местные издательства остались без государственной поддержки, в итоге – наплыв зарубежной литературы, в том числе и религиозного, экстремистского направления.

Пришло время рассматривать религию как часть идеологии государства: когда заходят зарубежные религиозные организации и идеологии, то они часто порождают оппозицию против духовной культуры и традиционной религии.

Ведь многие религиозные культы, пришедшие к нам извне, имеют мало общего с нашей духовной культурой и историей. Некоторые из них несут учения, нарушающие законы нашего государства. В частности, призывы не служить в армии, не защищать страну в случае военных конфликтов, нельзя приветствовать флаг, герб государства и многие национально-патриотические символы, исполнять государственный гимн и т.д. Есть призывы явно экстремистского толка, представляющие угрозу национальной безопасности.

И у нас в своё время под воздействием салафитской пропаганды множество мусульман, нередко с семьями, разными путями оказывались в зоне боевых действий. По официальным данным, с начала появления «халифата» в Сирию и Ирак уехали около 800 граждан Казахстана, а сколько их реально там было, сколько погибло – никто точно не знает.



Отдельные события свидетельствуют о том, что мировые игроки своей поддержкой радикальных группировок создали благоприятную среду для экстремистов и внутри многих стран путём той же пропаганды и финансирования. К тому же в некоторых странах, где училась и сейчас обучается наша молодёжь, существует религиозная оппозиция, религиозные противоречия, не говоря о различных радикальных течениях, от влияний которых никто не застрахован, не говоря о работе спецслужб и мировых игроков.

Между тем влияние ряда арабских стран в религиозной сфере в Казахстане сильно. Это помощь в строительстве мечетей, подготовка имамов, финансирование отдельных проектов и т.д.



В условиях гибридных войн надо быть готовым к любым их проявлениям, в том числе и «религиозной войне».

Ведь депутаты Мажилиса парламента связывали трагические январские события с распространением в Казахстане нетрадиционных религиозных течений, угрожающих национальной безопасности.

Кстати, у нас в своё время было немало религиозных организаций, предлагавших образовательные услуги в виде бесплатных курсов изучения иностранных языков, медицинские услуги с последующей «обработкой мозгов» с молчаливого согласия властей и т.д. Не говоря о бесплатной раздаче религиозной литературы на всевозможных собраниях, акциях, на улице и т.д.

В целом, информационные войны, война идеологий – давний спутник человечества, особенно во времена конфликтов и войн. По этой причине информационной сфере, идеологии, прогнозам, науке, литературе необходимо уделять огромное внимание, чтобы не хозяйничали идеологи других стран.

### ИСЛАМ В СООТВЕТСТВИИ С МИРОВОЗЗРЕНИЕМ НАРОДА

После январских событий в Алматы и начала войны в Украине тема национальных ценностей, интересов, языка, традиционной религии и культуры у нас стала очень актуальной. Конечно, эта тема в годы независимости всегда была на повестке дня, но в какой-то недосказанной и усеченной версии.

Достаточно сказать, что многие годы велись дискуссии о том, быть казахстанской или казахской нации. Или в 90-ые годы духовность стали воспринимать как религиозность, нравственность – как религиозную мораль, а рост зарубежных религиозных организаций и религиозности среди населения – как большое достижение.

Т.е. государство пошло по непродуманному пути: отдало идеологию на «откуп» религиозным институтам и организациям. Дело дошло до того, что духовность стали понимать как религиозность. Это недооценка мировоззренческих, научных, духовных аспектов формирования человека: всё-таки основу духовности составляет традиционная духовная культура, нравственность, образование, искусство, светское воспитание.

Надо признать, что в Казахстане до сих пор идеология слаба, не определены национальные ориентиры, национальная идея, хотя есть немалые наработки, огромная база для формирования идеологического «каркаса» общества, как отказ от ядерного оружия, основа миролюбивой политики, межэтнического согласия, древняя культура, казахский менталитет, гостеприимство, «справедливый Казахстан» и т.д.

Наверное, функция государства не должна сводиться к тому, чтобы доводить негатив от «полной свободы вероисповедания» до его созревания и «нарыва» в виде социальных болезней, как религиозный экстремизм и фанатизм, межконфессиональный разлад, многочисленные жертвы сект, идеологический разброд и т.д.

Общеизвестна основа государственной политики в этой сфере: развитие традиционной культуры и религии, а не «импорт» зарубежных верований и миссионеров. А в светском государстве дополнительно к этому – развитие идеологии и национальной культуры, традиций и обычаев, образования, науки, отделенных от религии.

Недаром президент Касым-Жомарт Токаев в 2023 г. поручил акимам областей и городов усилить работу в сфере религии: «Важно прославлять традиционный Ислам в соответствии с мировоззрением нашего народа. Необходимо развивать его научно-теоретическую основу».

По его словам, сегодня нельзя пренебрегать духовным воспитанием подрастающего поколения. «Если мы оставим его (духовное воспитание) на самотек, то можем утратить наши национальные традиции», – отметил президент.

Совокупность всех терактов в Казахстане, совершенных салафитами, является веской причиной признать радикализм и экстремизм салафизма. Соответственно признать салафитскую идеологию экстремистской, что будет основой для продвижения традиционного Ислама.

И на государственном уровне необходимо изучение и пропаганда традиционной религии, национальной культуры, языка, одежды, уделять большое внимание национальной идеологии для противодействия религиозному радикализму и экстремизму. Материал подготовлен в рамках участия в конкурсе, организованный Управлением по делам религии города Алматы.

**Дастан ЕЛДЕС**



# ҚАЗАҚ МЕКТЕБІН ҚАМАЛА БЕРЕ МЕ,

**«Мектепке барайық» дегенді қамай берсе, ондай сөзді мен де айтқанмын осыдан үш жыл бұрын...**
**2022 жылы №93 мектептің дәл осындай дауы кезінде мен де депутаттарды, ұлт зиялыларын шақырғанмын. Бірнеше депутат, ұлт зиялылары барып, сол мектепті аралас болу қатерінен сақтап қалғанбыз. Видеосы миллионға жуық, ең жоғары таралыммен тарап жүр әлі күнге дейін.**

21 тамыз күні Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне, менің атыма, депутат Қазыбек Исаға Алматы қаласының белсенділері және Бостандық ауданының тұрғындары, ата-аналарынан ресми хат келді. Онда Алматы қаласы Бостандық ауданы Розыбакиев көшесінде ашылған №215 жайлы мектеп бастапқыда қазақ тілінде болатыны жоспарланған. Оқу жылы жақындағанда қала билігі «аралас мектеп» етуге кіріскен. Тұрғындар соған қатты наразы.

«Сол аумақта 73, 38 және 125 мектептер бар. Олар орыс тілінде оқытады. Не себепті №215-ші мектепті қазақ мектебі қылмай жатырсыздар?» деген журналистер сұрағына Алматы қаласы білім басқармасы басшысы Сайран Сафидденов: – «Мектеп ашылған кезде оқыту тілі ата-аналардың сұранысы мен қажеттілігі ескеріледі. Сондықтан, үш мектебіміз бойынша шешімді келесі аптада қабылдаймыз», — деп жауап берген.

Бұл сұраққа себеп болып отырған мәселе — алматылық ата-аналар жаңа мектептің толықтай қазақ тілді болуын талап етуінде. Олардың сөзінше, ашылғалы жатқан №215 мектеп көршілес үйлердегі қазақ тілді балаларды қабылдамаған. Өйткені бұл тұрғын үй мектеп аумағына кірмейді деген. Бірақ мектеп кезегінде орыс тілді ата-аналар да тұрған көрінеді. Шағынған тұрғындар олардың орнына қайтарып жіберген қазақ тілді балаларды қабылдасын дейді. (Tizgin.kz.)

№125 орыс мектебі мен аралас №73 мектепке қоса тағы жаңа мектепке қарама-қарсы бетте №38 Қазақстан-Ресей гимназиясы бар. Ата-аналар орыс тілінде оқығысы келетіндер «неге сол мектептерге бармайды?» деген орынды талап қойып отыр.

Мен әрине, Мәжіліс депутаты ретінде өз атыма келген ата-аналар хатын Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевқа, Алматы қаласы әкімі Дархан Сатыбалдыға және тиісті мемлекеттік органдарға жібердім.

Ең тез жауап берген министр Ғани Бейсенбаев болды:

« — Қазір барлығы әкімдердің құзіретіне көшіп кетті. Соңғы басқарма басшысын тағайындаудағы министрлікпен келісуді де АГДС арқылы заңнан алынып тасталды»- деп, жауапкершілік Алматы қаласы әкімдігінде екенін меңзеді...

Сонымен қатар сол күні Алматы қаласындағы қоғам белсендісі, математик мұғалім Дархан Ардақұлы хабарласты. Парламентке, оның ішінде маған ата-аналар хат жолдағанын, ертең таңертең бірнеше ата-ана Алматы қаласы әкіміне кіретінін айтты.

«Әкімге кіріп-шыққасын нәтижесін айтарсыңдар» дегенмін. Содан кеше 22 тамыз, қасиетті жұма күні таңертең сағат 9-да бір құдайға сиынып алып Алматы қаласы әкімі Дархан Сатыбалдыға кеткен Дархан Ардақұлынан күні бойы кешке дейін хабар болмады!?! «Не болды, Дархан әкім Дархан мұғалімді қалай қарсы алды? Аттастардың кездесуінің нәтижесі не болды екен?» деп кешке дейін күтіп жүрдім. Телефонына жазып жатырмын, жауап жоқ?!.

Кешке әлеуметтік желіде, Дарханның фейсбук парақшасынан жайсыз хабар жарқ ете қалды: Қазақ мектебі ашылсын деген Дархан Ардақұлын Алматы қаласы Бостандық аудандық ішкі істер басқармасы полициясы ұстап, 15 тәулікке қамап қойыпты!

Бұл қалай Ішкі істер министрі Сәденов мырза?!.

Соттың таққан кінәсі — «мектепке барайық» дегенді «митингіге барайық» деген сөз деп қабылдапты! Масқара! Кешегі Кеңес одағындағы «Самый гумманный суд в мире» жолда қалады біздің соттың қасында.

Менің әріптесім, Мәжіліс депутаты белгілі адвокат Абзал Құспан жаңа ғана өз парақшасында сот шешімінің әділдігіне кәсіби заңгер ретінде күмән келтірді. Ал белгілі адвокат, тіл күрескері Мейірман Шекеев Дархан Ардақұлына адвокат болуға қуана келісіп отыр...

Ендеше Дархан Ардақұлын әділ заң аясында бостандыққа шығару қажет!

Аралас мектептің қатері жайлы мен 2022 жылы Түркістандағы тамыз конференциясында вице-премьер мен оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсенбаев онлаин қатысқан жиында барынша жеткізіп айтқанмын. Сол кезде Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды бауырым екеуміз қатар отырдық және ол менің сөзімді қолымды алып қолдаған болатын. Ал Алматыға әкім болып келген соң не боп қалды енді Дархан Амангелдіұлы мырза?!.

Ал енді Алматы қаласының белсенділері және Бостандық ауданы тұрғындары, ата-аналары атынан Парламент Мәжілісіне менің атыма жазылған хаттың жайына келейік:

«-Біздер, Бостандық ауданы тұрғындары, ата-аналар ауданымыздағы мектептерге байланысты өтініш жолдап отырмыз.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа мектептер мемлекеттік тілде оқытатын білім ошақтары ретінде салынатыны туралы мәлімделген болатын. Бұл жаңалық бізді қуантты, үміттендірді. Себебі, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – еліміздің рухани және ұлттық тұтастығын қалыптастырудағы маңызды қадам.

Алайда, жуырда Бостандық ауданында салынған 2025 жылы қыркүйек айында ашылатын жаңа мектептердің аралас тілде білім беретін мектеп болатынын естіп, қатты көңіліміз түсіп, қынжылдық. Қазіргі таңда Бостандық ауданы бойынша 34 мектептің тек 9-ы ғана мемлекеттік тілде білім береді, бұл – халық тығыз орналасқан ірі аудан үшін өте төмен көрсеткіш.

«Жайлы мектептің» - ашылуын қуанышпен күтіп жүрген қаншама аудан оқушылары мен ата-аналары балаларымыздың таза мемлекеттік мектепте білім алғанын қолдайды.

Сонымен қатар, біз аралас мектептердің біркатар кемшіліктеріне назар аударғымыз келеді. Олар оқушылардың толыққанды дамуына кері әсерін тигізуде:

1. Оқушылардың тілдік негізде бөлінуі. Бұл жағдай біртұтас мектеп мәдениетінің қалыптасуына кедергі келтіріп, балалар арасындағы өзара қарым-қатынас деңгейін төмендетеді.

2. Мемлекеттік тілдің беделінің төмендеуі. Қазақ тілі негізгі емес, қосымша тіл ретінде қабылданады, бұл мемлекеттік тілге деген құрметтің азаюына әкеледі.

3. Тілдік орта жеткіліксіз. Қазақ тілді оқушылар орыс тілді ортамен жиі бетпе-бет келіп, бұл олардың тілдік, мәдени болмысын толық қалыптастыруға кедергі жасайды.

4. Тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруда қиындықтар. Шаралардың екі тілде өтуі олардың мазмұндық және ұйымдастырушылық деңгейіне кері әсер етеді.

5. Педагогикалық тепетеңсіздік. Аралас мектептерде екі тілді бірдей меңгерген білікті педагогтардың жетіспеушілігі байқалады.

Осыған байланысты жаңа мектептердің мемлекеттік тілде

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА...

## МЕКТЕП ҚАЗАҚША БОЛМАЙ, МЕМЛЕКЕТ ҚАЗАҚША БОЛМАЙДЫ!

### АЛМАТЫДАҒЫ №215 МЕКТЕП ҚАЗАҚ ТІЛДІ МЕКТЕП БОЛУЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Ал, ағайындар, Алматыдағы №215 мектеп таза ҚАЗАҚ ТІЛДІ МЕКТЕП болуы құтты болсын! Бұл бүгінгі Білім күні мерекесіне лайық, ел күткен ерекше зор сүйінші жаңалық!

Нүктесін мемлекет басшысының өзі қойыпты Атазаңның 30 жылдық мерекесі күні! Еліміздің Әділетті Қазақстан екенін білдіретін бұл қуаныш құтты болсын!

Мектеп қазақша болмай, Мемлекет қазақша болмайды!

Бастаған игілікті ісі нәтижелі болып, жемісін беріп жатқан мұғалім Darkhan Ardaquly бауырымыздың бұл кезде 15 тәулікте абақтыда отыруы әділетсіздік екені айқын болып тұр?!.

Дархан Ардақұлы жәй көше айқайшысы емес, белгілі білікті математик мұғалім, қоғам қайраткері. Ол еш мәселені босқа қозғамайды. 2022 жылы депутаттар жазғы демалыста жүргенде мені тауып алып, Назарбаев мектептеріндегі әділетсіздікті әшкерелеп, қолдау көрсетуімді сұрап, ата-аналар хатын тапсырған. Назарбаев зияткерлік мектебінің қазақ бөліміне құжат тапсырушылар орыс бөлімінен үш есе көп 68 пайыз болса да, 32 пайыз орыс бөлімімен бірдей грант бөлудің арқасында жоғары бал алған озат қазақ оқушылары далада қалған?!.

Сол кезде біз барынша араласып, жазып едік: «ҚАЗАҚ БОЛҒАНЫҢ, ОЗАТ БОЛҒАНЫҢ ҮШІН ОҚУҒА ҚАБЫЛДАМАУ ҚАНДАЙ ҚОРЛЫҚ?!.»,

«НАЗАРБАЕВ МЕКТЕПТЕРІ ҚАЙ МЕМЛЕКЕТТЕ ОРНАЛАСҚАН?»,

«Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі ЖАҒДАЙ БАРЫП ТҰРҒАН ӘДІЛЕТСІЗДІК!» деген шулы мақалаларымызды елдің бәрі қолдаған еді. Үкіметке, министрлікке, Президент әкімшілігіне сауал жазып, ақыры әділеттілік орнаған.

Қараша айында еліміз бойынша Назарбаев мектептеріндегі қазақ бөліміне құжат тапсырып, жоғары көрсеткіш көрсетсе де, құлаған 178 оқушыға грант бөлінген жеңіске жеткенбіз! Сол кезде де Дархан көтерген мәселе дұрыс шешіліп, Алматыдағы биология-химия саласындағы Назарбаев мектебінің қазақ бөліміне 41 грант бөлінген. Кейін мені сол мектептегі қуанышқа бөленген 41 баланың ата-анасы кездесуге шақырғанда шашетек шаруалармен бара алмай қалдым.

Сол кезде әділдік орнауы үшін бізді қолдаған сол кездегі Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, сол кездегі Президент әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі басшысы Болат Тілептерге алғысымыз зор.

Ендеше, білім жолында әділдік үшін күресіп жүрген Дархан Ардақұлының Білім мерекесін және өзі бастаған №215 мектептің қазақ тілді болып ашылуы салтанатын темір торда қарсы алуы қандай әділдік?!.

Біз №215 мектептің қазақ тілді болуын және Дархан Ардақұлының әділетсіз қамалуына қарсы «ҚАЗАҚ МЕКТЕБІН ҚАЛАҒАНДАР ҚАМАЛА БЕРЕ МЕ?!» – атты мақала жариялап, тиісті органдардың бәріне, Оқу-ағарту министріне, Алматы қаласы әкіміне, Президент әкімшілігіне жолдағанбыз. Онда әріптесіміз, белгілі заңгер Абзал Құспанның мұғалім Дарханға шығарған сот шешімінің әділдігіне күмәні барлығын келтіргенбіз.

Сондықтан сот енді әділ шешім шығаруы керек!

№215 мектептің ашылуында лентасын қиып ақ бата берген қазақтың белгілі әдебиетші ғалымы, Қазақстанның Жазушылар одағы басқармасы хатшысы Қансейіт Әбдезұлы айтқандай: «Қазақстанның болашағы – Қазақ мектептерінде!»

Білім күні мерекесі құтты болсын!

**Қазыбек ИСА**

№33-34 (1162-1163) 1.09.2025

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ҚАЛАҒАНДАР МИНИСТР МЫРЗА?!

оқытатын білім ордалары ретінде ашылуын сұраймыз. Бұл қадам мемлекеттік мүддеге толықтай сай келеді және ата-аналар мен қоғамның мемлекеттік тілдегі сапалы білімге деген сұранысын қамтамасыз етеді.»- деген ата-аналардың жанайқайына қалай жайбарақат қарауға болады?!.

Олардың келтіріп отырған дәлелдері темірдей!

– «Бостандық ауданы бойынша орналасқан Левитан көшесінің бойында аралығы өте жақын орналасқан екі орыс тілді (№38, №125 мектептер) гимназия және көпсалалы жалпы білім беру мектебі орналасқан. Бұған қосымша сол жақын мекен жайға қазақ-орыс аралас «Жайлы мектептің» ашылуына тағы мүмкіндік жасап отырғаны оймызға сыймсыз дүние деп өкінішпен үнсіз отыруға болмас. Өз туған жерімізде, қазақ елімізде бола тұра қазақ тілді мектеп санының көбеюінің орнына аралас мектептің ашылуына жол берсек, болашақ білім алып жатқан балала-




рымыздың тілін еріксіз басқа тілге бұрмалаудың үлкен жолын ашып бергеніміз?

№38 гимназия Левитан көшесінде орналасса, №125 жалпы білім беретін мектеп те сол Левитан көшесінде орналасқан.

Арақашықтықты 800-900 метр ғана. Есеппен айтар болсақ жаяу 5-7 минуттық уақыт»-дейді әділетсіздікке ашынған ата-аналар.

Иә, жергілікті биліктің егер №215 мектеп қазақша болса, онда орысша оқитын оқушылар үшін жаңа мектеп салу керек деген сылтаулары негізсіз. Өйткені, біз депутаттар, жоғарыда айтқанымдай, үш жыл бұрын 2022 жылы Астанадағы №93 мектепті аралас мектеп етуден сақтап қалғанда, «тұрғындар айналасында 2 км радиуста мектеп болса, балаларын соған апаруы тиіс" деген қабылданған ережені алға тартқанбыз.

Ал №215 мектептің айналасында 2 км радиуста №125 жалпы білім беретін орыс тілдері мектеп,

№73 аралас мектеп, ал көшенің қарсы бетінде №38 Қазақстан-Ресей гимназиясы бар ғой? Неге сол 3 мектепке бармайды орыс мектебін қалайтын көпшілігі қазақ ата-аналар?

Бұл сұраққа Алматы қаласы әкімдігінен де, қалалық білім басқармасынан да ешкім жауап бере алмай отыр өкінішке орай...

### ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰЛТ ТІЛІНЕН БАСТАЛАДЫ

Жоғарыда айтқанымдай, 2023 жылы 25 тамызда Түркістан қаласында өткен білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінде сөз сөйлегеніміз бар.

Сонда да айттық жетесі барлардың жеріне жеткізіп.

**Ұлттық тәрбие Ұлттық идеологиясы бар елде іске асады.**

**Астанадағы 25 мың баланың 40 пайызы орыс тіліне баруы, қайран босқа кеткен 30 жылда Ұлттық идеологиямыздың нөл болғанын көрсетеді.**



**Қазақ балаларының орыс тіліндегі мектепке көптеп баруы -Ата-аналар таңдауы деген жалпақшешейлік пен босбелбеулікті тоқтату керек! Ең алдымен мемлекеттік мүдде - ұлттық мүдде болуы тиіс!**

2022 жылы парламент депутаттары, біз өзіміз куә болған Астанадағы №93 мектепті «аралас мектеп етейік! Орысша сынып ашпасандар - Путинге айтамын» деген қазақ ата-аналардан не сұрауға, не күтуге болады?!. Осындай Тәуелсіз елді қорлаған сұмдық та, құлдық масқара сөзді айтып отырған қазақ әйелдің күйеуі Қорғаныс министрлігінде офицер екен! Яғни, бұл сөз олардың отбасында жиі айтылатын сөз болып тұр ғой?!.

**Бұндай ата-аналарды ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндірушілер деп қарап, Ұлттық қауіпсіздік комитеті айналысуы керек, тек ұлтшылдардың соңына түсе бермей...**

**Қазақ мектебін ашарда «аралас мектеп ашайық» деп, араласып шыға келетін құлдық санадағы шенеуніктерден қашан құтыламыз?!**

**ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың өзі нәтижесіне көңілі толмайтынын ашық айтып, тапсырма берген еліміздегі орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнін оқыту методикасы қашан жақсарады?!. Ол нәтижесі нөл орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәні үшін жұмсалып жатқан миллиардтаған қаржының қайтарымы қайда?!. Ол үшін орыс мектептері үшін ҰБТ-да міндетті түрде қазақ тілінен сынақ тапсыруы керек.**

**Баласына өз Анасының тілінде сөйлемеген ана – қандай ана? Баласына өз әкесінің тілінде сөйлемеген әке – қандай әке?**

**Өз баласын өз тілінде емес, өзге тілде тәрбиелеу – ұл-қызға ғана емес, Ұлтқа қастандық!!!**

**Балабақшадан бастап, мектеп қазақша болмай, мемлекет қазақша болмайды!**

Мектеп пен балабақша тек мемлекеттік тіл – қазақ тілінде болуы керек!

Қабырғаңды қайыстырар осы Тәуелсіз және Әділетті Қазақстанның ұстанымына қарсы жасалған әрекеттерге кім кінәлі? Олар неге жазаланбайды? Облыс, қала әкімдері неге мемлекеттік мүддені қорғамай отыр? Осы сұрақтарға ашық жауап талап етіп, біз, «Ақ жол» фракциясы парламентте көтердік

Өйткені, мұндай мемлекеттік мүддеге қарсы шенеуніктер әр қалада жетеді.

Олар әлі әкімдікте, білім саласы басында отыр.

Мысалы, Алматы облысы Талғар қаласындағы Т.Рысқұлов мектебі үшін салынған жаңа №25 мектептің «Оқу қазақ тілінде» деген паспортын ауыстырып жібергендер қызметте өсіп кетті.

Алматы қаласындағы Наурызбай ауданында да №207 жаңа мектепті де араласқыштар «аралас мектеп» етіп жіберді...

Біз өз қолымызбен арнайы арпа егіп алып, енді «бидай неге шықпайды» деп өтірік таңғалып отырамыз?!

### КЕҢЕС ИМПЕРИЯСЫ ЕНГІЗГЕН АРАЛАС МЕКТЕП ЖҮЙЕСІН ТОҚТАТУ ҚАЖЕТ!

2023 жылы 14 маусымда өткен ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында мен «Ақ жол» фракциясы атынан қазақ мектептерінің ауыр жағдайына тоқталып, аралас мектеп жүйесін тоқтатуды талап еткен депутаттық сауал жасағанмын.

ҚР Оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсенбаевка, сол кездегі Шығыс Қазақстан облысы әкіміне жолдаған сол сауалдың, Құдайға шүкір, нәтижесі бар. Риддердегі құлайын деп тұрған жалғыз қазақ мектебіне «Шаңырақ» мектебіне жаңа үлгідегі ғимарат салынып жатыр. Өткенде Абай тойында қатар отырып қалған кәзіргі Шығыс Қазақстан облысы әкімі Нұрымбет Сақтағановтан сұрап едім, «Бәрі жоспар бойынша дұрыс келеді, жайлы мектептен кем емес мектеп салынуда, қадағалап отырмыз» деді. Риза болып қалдық.

Сонда айтып едік, кеңес одағы кезінен келе жатқан осындай аралас мектеп мәселесінің кесепатының барлығын кеңінен қозғап едік.

– Негізі, «Шаңырақ» қазақ мектебіне салынған жаңа ғимаратты 2019 жылы «аралас» мектепке айналдырып жібергендер заң алдында жауап беруі тиіс!» - дегенбіз.

Қазақ балалары қиянат көре беруді тоқтату қажет!

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰЛТ ТІЛІНЕН БАСТАЛАДЫ!

Мектеп мықты болғанда ғана, мемлекет мықты болады.

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**

# КӨКШЕТАУДА ҚАЗАҚ СЫНЫБЫНА БАРАТЫН БАЛА ЖОҚ?!. КӨКШЕТАУДА ҚАНЫ БАР ҚАЗАҚТАР ҚАЛМАҒАН БА?!.

**Қазақша бірінші сынып ашылмай жатыр! Масқара!**
**Отыз жылда осындай құлаққесті құлдыққа қалай түскенбіз, сұмдық қой мынау?!.**
**Қазақтың жартысын аштықпен қырған қанішер Голощекин, қазақтың ұлт зиялыларын қастықпен қырған Сталин, әпербақан Хрущевтар істей алмаған сұмдық құлдықты кешегі отыз жыл ойына келгенін істеген Назарбаевтың ұлтсыз билігі істеп берілті!**
**Міне саған, Ұлттық идеологияның нөлдігі, Отарсызданудың жоқтығы!**
**Міне, саған отыз жылдан бері Мемлекеттік тіл туралы заңға мемлекеттегі шенеуніктердің қарсы болып келуі! Міне, саған кеше отыз жыл толған Атазаңдағы 7-баптың 2-тармағының кесірі!?.**
**Балабақшадан бастап, мектеп қазақша болмай, мемлекет қазақша болмайды!**
**Мектеп пен балабақша тек мемлекеттік тіл – қазақ тілінде болуы керек!**
**Мектеп мықты болғанда ғана, мемлекет мықты болады.**

### МЕКТЕП ҚАЗАҚША БОЛМАЙ, МЕМЛЕКЕТ ҚАЗАҚША БОЛМАЙДЫ!

Көкшетаудағы №10 жаңа мектепте қазақша бірінші сыныпқа баратын бала табылмай жатқанына қазақ ата-аналарына деген қорлық пен ызадан жарылардай қапаланып, дабыл қаққан ақын Әлібек Серғалидың жанайқай видеосы желіні шарлап жүр! Жарайсың, бауырым! Көкшетаудан да бас көтеріп, тұяқ серпитін, ұлт майданында бәрін құрбан етер бір азамат шықты-ау әйтеуір!?.

Баласына өз Анасының тілінде сөйлемеген ана - қандай ана?

Баласына өз әкесінің тілінде сөйлемеген әке – қандай әке?

Өз баласын өз тілінде емес, өзге тілде тәрбиелеу - ұл-қызға ғана емес, Ұлтқа қастандық!!!

Көкшетауда қаны бар қазақтар қалмаған ба?

Мектептің қай тілде болуы – Мемлекеттің тағдыры! Ендеше мектептің қай тілде болуын ата-аналардың талабына беріп қоя салу - мемлекеттің болашағына балта шабу! Бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесі, мектеп тілінің жат тілде болу қатері жайлы біз 2023 жылы 25 тамызда

Түркістан қаласында өткен білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінде сөз сөйлегенімізде айттық жетесі барларға жеткізіп.

Конференцияға сол кездегі ҚР Үкіметінің вице-премьері Т.Дүйсенова мен ҚР оқу-ағарту министрі Ғ.Бейсенбаев онлаин қатысқан, сол кездегі Түркістан облысы әкімі Дархан Сатыбалды екеуміз бірге қатар отырғанбыз. Өткенде Алматыдағы №215 мектепті айналасында үш орыс мектебі, тіпті қарсы алдында №38 Қазақстан-Ресей гимназиясы тұрса да аралас мектеп етіп жатқан араласқыш шенеуніктерге қарсы тағы да айтқанмын. Екі жыл бұрынғы Түркістандағы мұғалімдердің тамыз конференциясында Дархан Сатыбалды бауырым менің сөзімді қолымды алып қолдаған болатын. Ал Алматыға әкім болып келген соң не боп қалғанын бір құдай біледі?!.

Тағы да қайталаймын!

Қазақ балаларының орыс тіліндегі мектепке көптеп баруы – Ата-аналар таңдауы деген жалпақшешейлік пен босбелбеулікті тоқтату керек! Бұл мемлекеттің болашағына қауіпті! Ең алдымен мемлекеттік мүдде - ұлттық мүддені қорғауға тиіспіз!

2022 жылы парламент депутаттары, біз өзіміз куә болған Астанадағы №93 мектепті «аралас мектеп етейік! Орысша сынып ашпасандар - Путинге айтамын» деген қазақ ата-аналардан не сұрауға, не күтуге болады?!. Осындай Тәуелсіз елді қорлаған сұмдық та, құлдық масқара сөзді айтып отырған қазақ әйелдің күйеуі Қорғаныс министрлігінде офицер екен! Яғни, бұл сөз олардың отбасында жиі айтылатын сөз болып тұр ғой?!.

Бұндай ата-аналарды ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндірушілер деп қарап, Ұлттық қауіпсіздік комитеті айналысуы керек...

Қазақ мектебін ашарда «аралас мектеп ашайық» деп, араласып шыға келетін құлдық санадағы шенеуніктерден қашан құтыламыз?!»

Міне, осы парламентте депутаттық сауал жасағанда да, білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінде де айтқан осы сөзіміз «халық сөзін еститін биліктің» құлағына қашан жетеді?!.

Ертең парламенттің жаңа сессиясы ашылғанда ең алдымен осы мәселені қараумыз керек!

Бүгін Көкшетаудағы сол бірінші сыныпқа қазақ баласы табылмай жатқан №10 жаңа мектепке Ақмола облысы әкімі Марат Ахметжанның өзі барыпты. Мектепке, білімге жауапты басшыларға шұғыл тапсырма берді: «Бір айдың ішінде ата-аналармен жұмыс істеп, қазақ сыныбы ашылатын болсын!» деп талап етті!

Азамат екен Марат Ахметжан! Міне, мемлекетшіл, қаны бар қайраткер әкім! Облыста еге бар екені айқын білінді! Атаңызға мың алғыс Марат Мұратұлы!

Бір айдан кейін Көкшетаудағы сол мектепке біз де барып, көреміз не болғанын!?.

Алла жар болсын!

Ақ жол!

**Қазыбек ИСА**

# Ұлы Абай ұғына

**Биылғы жайнаған жаздың тамаша айы тамыз Ұлы Абайдың тойын тойлаумен басталды. Данышпан ақын, дана хаким, ұлы ойшыл, қазақ әдебиетінің реформаторы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы ресми түрде елімізде 1 тамыздан бастап өтіп жатыр. Он күнге созылып, Абайдың туған күні 10 тамызда Жидебайда қорытындыланады.**

**Иә, биыл еліміз үшін ерекше жыл – Ұлы Абайдың 180 жылдығы!**

**Абай десе – қазақ деп, қазақ десе – Абай деп біледі ел қазір.**

**«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасын тереңнен теріп, жыр маржанын шаша білген дананың дара тұлғасын асқақтату жолындағы шаралар жыл басынан бері басталып кеткені анық.**

**Осыдан алты жыл бұрын Абайдың 175 жылдығы қарсаңында ұлы ақын жырларын оқуға Президенттен бастап, оқушыларға дейін атсалысты. Яғни, бір жыл бойы ұлы Абай жырлары мен қарасөздерін қайта бір салмақтап, саралап, бүгінгі күні де маңызы арта түскеніне көз жеткізді.**

**Сол кезде ғаламды шарпыған пандемияның қысымы мен қиындығына қарамастан ұлы Абайға арналған басты шаралар мемлекет басшысының арнайы қатысуымен өткен еді. Өйткені, Қазақстан Президенті Қ. Тоқаев атап айтқандай:**

**«Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол – қазақтың жан-дүниесінің тұңғиығына бойлаған дара тұлға.**

**Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы.**

**Абай жаңа әдебиетіміздің негізін қалаған ақын ретінде ел тарихында айрықша із қалдырды.**

**Оның еңбектері бір ғасырдан астам уақыт өтсе де өзектілігін жоғалтқан емес. Әлі күнге дейін баршамызға рухани азық болып келеді. Ақынның ғибратты ғұмыры мен мол мұрасы – халқымыздың және жаһан жұртының асыл қазынасы. Абайдың өсиеті – өскелең ұрпақтың айнымас темірқазығы.»**

**Иә, Абай тойы – Алаш тойы! Биыл да Абай тойын – Ұлы ақын ұлағатын ұлттық тұрғыдан ұға білудің жарқын рухани дүниесіне айналдыра білуге ұмтылып жатырмыз. «Біз ұлы ойшыл Абай тойын той тойлау үшін ғана емес, ой ойлау үшін де өткізіп жатырмыз» деген Абай облысы әкімі Берік Уәли бастаған Абайлықтар Ұлы Абай тойын ақын атына лайықты тағылымды да, тартымды өтуі жолында бар күшін салып жатқаны байқалады. Бүкіл еліміз бойынша қазір Абай жырлары мен әндері ауылдағы балабақшадан Астанадағы саябақтарға дейін оқылып, шырқалуда. Өйткені, мемлекет басшысы айтқандай, Ұлы Абай аманатына адалдық – бәріміздің асыл парызымыз!**

**Иә, бәрі де алып абызымыздың аманатына адалдықтан шығады.**



### ӘЛЕМДЕГІ АБАЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қазақтың тұңғыш мүсіншісі, Қазақстанның халық суретшісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Хакімжан Наурызбаев салған Алматыдағы асқақтап тұрған Абай ескерткішін елдің бәрі біледі.

Жылда Абай күні ол жерде Алматыдағы ақындар жыр оқиды.

Абай ескерткіштері мен көшелері тек елімізде ғана емес, әлемнің көп мемлекеттерінде, жиырма шақты елде бар. Бізге мәлім болғандай 20-ға жуық елде Абай ескерткіші мен бюсті орнатылған. Атап айтқанда, Түркия, Германия, Франция, Швейцария, Үндістан, Қытай, Мысыр, Оңтүстік Корея, Иран, Венгрия, Болгария, Румыния, Әзербайжан, Грузия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан және тб елдерде бар. Биыл жыл аяғына дейін Италияда, Римде де Абай ескерткіші ашылады екен.

1995 жылдың 15 ақпанында Ұлыбритания астанасы Лондонда жазушы Роллан Сейсембаевтың бастамасымен Абай үйі ашылғаны белгілі.

Чехияда ұлттық кітапханада Абай атындағы мәдени орталық бар.

Мен Ташкентке барған сайын Абай ескерткішіне сәлем бермей кетпеймін. Ал Мәскеуде болғанда, Абай ескерткішіне арнайы іздеп бардым.

### ШЕТЕЛ ОППОЗИЦИЯШЫЛАРЫ АБАЙҒА ЖҮГІНДІ

2014 жылы «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев бастап іссапармен Мәскеуге барғанымызда бірден Абай ескерткішіне соқтық. Ресейдегі Қазақстан елшілігі алдындағы «Чистопрудный бульвар» деген жерде екен. Онша үлкен болмаса да, ақын кескіні айшықты жасалғанын аңғарғанбыз.

Ұлы Абайдың ескерткішіне гүл қойдық. 2006 жылы 4 сәуірде Қазақстанның тартуы ретінде қоладан жасалған ескерткіш. Авторлары – белгілі мүсінші Марат Әйнеков, сәулетшілер Валерий Романенко мен Тимур Сүлейменов. Ескерткіш құны – 162 миллион теңге. Сол кездегі бағаммен 1 миллион 250 мың доллар. Ақылман Абай терең ой үстінде отыр. Ұлы даланың ұлы ақыны асыл жыры, асыл туған ақыл-ойымен әлемге танылды. Қараша ауылда туған қазақтың қара шалы бір кезде кешегі Кеңес империясының астанасы – Мәскеуде де еңселі ескерткіш болып тұратынын ойлады ма екен деймін қиялға беріліп... Бір әттеген-айы ескерткішке «Абай Кунанбаев» деп тек орыс тілінде ғана жазылыпты. Ақыр Қазақстанның өзі жасаған екен, неге Абайдың өз тілінде де: «Абай Құнанбайұлы» деп жазылмағанына қынжыласың... Мысалы, кавказ елдері немесе өзбектер осындай мүмкіндікті өмірі жібермес еді, міндетті түрде өз тілдерінде де жазар еді...

Бізге жол бастап жүрген мәскеуліктерге 2012 жылы Ресей астанасында блогер Алексей Навальный бастап, В.Путинге қарсы митингке шыққан оппозицияның «Оккупай Абай» қозғалысы осы алаңға жиналып, қазақ ақыны Абайға келіп мұң шаққандарын айтып едім, хабарлары бар екен, қостай жөнелді. Иә, соның бірі 2012 жылы 13 мамырда ресейлік белгілі жазушылар Борис Акунин, Дмитрий Быков, Виктор Шендерович, Юлия Латыниналар бастаған он мыңдай оппозициялар Абай ескерткішіне кезекті марш ұйымдасырған болатын... Ресей оппозициясы Абай ескерткішіне осы кезден бастап, көңіл аударып, Абай өлеңдерінің аудармасын тауып алып, көптеп шығарып таратып, ескерткіш басында оқып жүрді... Қай кезде де әділдік іздеген халық алдымен ұлтына қарамай-ақ халық мұңын жырлаған ақынға жүгінеді екен ғой деп ойлайсың. Бар халыққа ортақ болып отырған данышпан Абайдың ұлылығына бас иесің.

Шынында да заманынан оқ бойы озып туған ақын Абайдың құдыретіне таңғаласың. 15 миллиондай халқы бар Мәскеуде ақиқатты аңсаған халық әлемдік руханияттың алыптары, ағылшын Шекспирге емес, тіпті өз ұлтының ұлы ақыны орыс Пушкинге емес, данышпан қазақ ақыны ұлы Абайға келіп, шерін шертеді...

Ескерткіш орналасқан алаң шетінде Қазақстанның Ресейдегі елшілігі бар екен.

Елшілік үйі төбесіндегі Көк туымызды көріп, көңіліміз өсіп қалды. Алдына суретке түстік.

2019 жылы Ташкентке барғанда өзбектің жас ақыны Фахриддин Хайит Абай ескерткішіне алып барып көрсетті. Қазақ елшілігі орналасқан ғимарат алдына салынған еңселі ескерткіш екен, ішім жылып қалды! Өзбектерде монументальды мүсін өнері жақсы дамыған. Әдебиетшілер алаңындағы Шығыстың ұлы ақыны Әлішер Науайыдан бастаған қаламгерлерге орнатылған ескерткіштерді көрсең, әуесің кетіп, басың айналады...

2023 жылы барғанда да тура Абай күніне тура келіп, Абай ескерткішіне бардым. Абайға арналған жырымды оқыдым.

### АЛТАЙҒА ҰЛЫ АБАЙМЕН ҰЛТТЫҚ РУХ ТА КЕЛДІ

Өзіміздің Өскемендегі Абай ескерткішінің қалай салынғанынан да хабарым бар. Ол ескерткіштің тұрғызылуына сол кездегі Шығыс Қазақстан облысы әкімі, белгілі мемлекет қайраткері, еліміздегі бес облысты басқарған жалғыз әкім, марқұм Бердібек Сапарбаев пен сол кездегі Өскемен қаласының әкімі, руханиятқа қамқор рухы биік қайраткер Ислам Әбішев тікелей бастамашы болды.

Абай ескерткішінің тұрғызылуында әсіресе, қала басшысы Ислам Әбішевтің қарымдылығы мен батылдығы үлкен рөл атқарды. Өйткені ол Абай ескерткішінің орнында бұрын коммунистер көсемі Лениннің ескерткіші тұрған болатын. «Красный Восток» аталған, Кремльге қарап сағатын түзейтін Өскемен қаласында пролетариат көсемінің ескерткішінің орнына ұлы Абайдың ескерткішін орнату бұрын ешкімнің ойына да, түсіне де кірмеген еді... Сондықтан үлкен кедергілерге кездескені, жергілікті кертартпа күштердің қатты қарсылығына тап болғаны белгілі.

«Мұнда Абайдың не керегі бар, орыс офицері Майковтың ескерткішін қояйық» деген өзге ұлт өкілдеріне, тіпті өзіміздің кейбір мәңгүрттер де қосылғанда, олардың қалам ұстаған біреуін қала әкімі Ислам Әбішев шақырып алып: «Абайға қарсы тұрғандарды қарғыс атады. Ол қарғыс сенің үрім-бұтағына кетеді» – деуге дейін барды. Бұл Абай ескеркішінің тұрғызылуына облыс пен қала басшыларының қаншалықты қажыр-қайрат жұмсағанының шет-жағасын көрсетсе керек.

Сондықтан Тәуелсіздік алғанына жиырма жылға жуықтаса да, Кеңестің елесінен арылмаған елде наразылық күшейіп кетпеу үшін ескерткіш барынша тез, қысқа уақытта дайын болды. Әрі қалыптасқан қасаң саясатқа сай бұнымен қатар орыстың ұлы ақыны Пушкиннің де бюсті тұрғызылды...

Сөйтіп, қысқа уақытта ұлы Абайдың алып ескерткіші асқар Алтай аясында асқақтап шыға келді. Бұрынғы Ленин ескерткішінен де (қай жерде де күн көсемнің ескерткіштері үлкен болатыны белгілі) анағұрлым биік болып жасалды. Асқар Алтайда асқақтаған Абай¬дың алып ескерткішінің биіктігі 14 метр, салмағы 5 тонна. Оған облыс бюджетінен 60 миллион теңге бөлінді.

Облыс әкімдігінің алдындағы бұрын Ленин тұрған бас алаңда енді Тәуелсіз Қазақ елінің бас ақыны Ұлы Абайдың тұлғасы тұр.

Абай ескерткішінің авторы, белгілі мүсінші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ескен Сіргебаев.

Алтайда Абай ескерткішінің ашылғаны – Алашта ақ түйенің қарны жарылғаны еді!..

Республикалық «Шығыс шынары» жыр мүшәйрасы алғаш өтіп, Алтай баурайы жырға бөленгенде, қазақ әдебиетінің классигі Қабдеш Жұмаділов бастаған тарландардың: «Өскеменге Абай келді. Одан соң Абайдың інілері келді»-деп қуанғаны бұл зор рухани шараның Тәуелсіз Қазақстанымыз бен ұлтымыз үшін қаншалықты маңызды екенін аңғартса керек!

Абай ескеркішін ашылуына көршілес елдерден де біраз қаламгер арнайы келген еді. Тәжіктің саңлақ ақыны Сафар Абдулло, қазаққа елшілігімен де белгілі қырғыз шайыры Ақбар Рысқұлов, орыс ақыны Александр Радионов Ұлы Абай жырының әлемдік мән-маңызын әңгімеледі.

Қазақтың аузы дуалы абыздарының бірі, тарлан сыншымыз Тұрсынбек Кәкіш:

«Бұл Абайға ғана қойылып жатқан ескерткіш емес, еліміздің тәуелсіздігінің белгісі. Оның үстіне ескерткіштің мынау Қытайға қарай, Ресейге қарай өр Алтайдың төрінде тұруының өзі – қуанышты жағдай. Және бұл Өскеменге қазақ рухының, қазақ ұлтының намысы жеткендігінің үлкен белгісі деп білемін» – деп, әдеттегідей турасын айтты.

Асқар Алтайда асқақтап тұрған Абай ескерткішін көрген сайын сол бір керемет рухты кезең еске түседі.

Иә, биыл Абайдың 180 жылдығы болғандықтан, көп жерлерде Абай ескерткіші мен бюстері ашылуда. Суретшілер ұлы ақын портреттерін салуда. Бұл жолда бірізділік болғаны дұрыс.

### АБАҚТЫДА ОҚЫЛҒАН АБАЙ ЖЫРЫ

2019 жылы мемлекеттік Су ресурстарын дамыту бағдарламасынан триллион теңге үнемдегені үшін Ислам Әбіштің жазықсыз жала жабылып, түрмеге түсуі қоғамда зор резонанс тудырды. Оған «Қазақ үні» сайтындағы Ислам

№33-34 (1162-1163) 1.09.2025

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Әбішке араша сұрап, Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевқа жазған Ашық хатты қолдап, ұлт зиялылары бастаған 200 мыңнан астам адам қол қойғаны да дәлел бола алады.

Барлық сот отырыстарында да елдің белгілі зиялылары мен тілектестері толып отыратын Ислам Әбіштің әр соты Қазақ тілін қорғау және Қазақ жырын қолдау алаңына айналып кетіп жүрді.

Сотты жүргізген судья Қ.Мекемтасты өзі шығарған қаулысы екі бет қағаздан Қазақ тілінен 76 қате жібергені үшін екі рет, оған араша түсуші сот Шаяхметованы да қазақша сөйлей алмағаны үшін бір рет, жалпы үш рет сотқа сенімсіздік білдірілді. Бұл Қазақ соты тарихында бұрын-сонды болмаған оқиға!

Сот залындағы осындай үзілістерде жыр мүшәйрасын Ислам көкеміздің өзі бастап жібереді. Ұлы Абайдан бастап, Дағыстанның ұлы ақыны Расул Ғамзатовтың жырымен қостап, қазақтың белгілі ақындарының біразының құлағын



# ҰЛАҒАТЫН БІЛЕЙІК

шулатады. Содан соң қоршау терезенің ар жағынан:

«Ал ақын Қазыбек Иса не дейтінін тыңдаңдар» деп:

«Жүрдім, жүрдім, жүрдім де,
Кетіп қалдым бір күнде...
Немкеттілеу ағайын,
Неге кеттім, білдің бе»-

деп, менің белгілі өлеңімді де нәшіне келтіріп тұрып, шабыттанып оқып береді. Содан соң залда отырған ақындардан өлең сұрайды. Мен өз кезегімде Исекеңнің өзіне арналған

«ЕРДІҢ ҚҰНЫ – ТРИЛЛИОН!» атты жырымды оқып беремін.

Мұны естіген қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Исекең туралы арнайы мақала, айшықты жыр жазған Темірхан Медетбек: «Сот залын мүшәйраға айналдырып жібергенсіңдер ме? Жыр оқылған жерде жақсылық болады. Жақсылықтан басқа жасағаны жоқ Ислам еніміз жайлы жақсы хабар күтеміз»-деп хабарласып жатады...

Мен бұл сот залындағы жыр оқылуын неге еске салып отырмын?!.

2018 жылы ақын Серік Сейтманның бастамасымен Алпамыс батыр жырын бүкіл еліміз оқып шығып еді. 2019 жылы ұлы Абайдың 2020 жылғы 175 жылдығына байланысты өлеңдерін оқуды Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бастап, оны елдің бәрі жалғастырып әкетті. Белгілі саясаткер Әлихан Баймен Абай өлеңін нақышына келтіріп оқып, эстафетаны маған да жолдаған еді. Әлекеңнің эстафетаны жолдаған төрт адамының ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі төрағасы Алик Шпекбаев та бар екен... Менің де ұлы ақынымыздың төрт өлеңін оқып, жолдаған төрт адамымның бірі - халық қазынасынан триллион үнемдегені үшін түрмеге түскен, Шпекбаев басқаратын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі тергеушілері ешқандай дәлел таппаса да, екі рет инфаркт алса да, үйқамаққа да шығармай қамауда ұстап отырған, әкімдердің ақыны атанған, абақтыда намазын ұмытпай, Абай жырларын суытпай оқып жатқан Ислам Әбіш болды. Абай жырын оқу эстафетасын түрмеде қарсы алған Исекең адвокаты Абзал Құспанға Абай жырын жатқа оқып береді. Абай түгілі құдайда да шаруасы жоқ тастүрмедегі тастай күзетшілер оны видеоға жазып алатын телефон құралын пайдалануға рұқсат бермей қояды. Абай атамыздың: «Қайран сөзім қор болды-ау!..» – деген шумағын еріксіз айтуға мәжбүр болған Исекең Абзалға өзі оқыған жырды елге жеткізуді тапсырады.

Абзал Құспан аманатты орындап, Абай жырын оқып, бейнебаянға түсірді. Ол «Қазақ үні» ұлттық порталында жарияланды.

Сонымен Ислам Әбіш абақтыда жатса да Абай жырын оқыды. Ал Алик Шпекбаев өзіне жолдаған Абай жырын оқыды ма, оқымады ма, ол жағы беймәлім...

## МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР...

Абай аты аталғанда әдебиетімізге байланысты Қазақ поэзиясының тұңғыш реформаторының атына «тұңғыш» деген сөз жиі айтылады.

Абай атына тағы бір тұңғыш деген сөзді қосудың реті келіп тұрған секілді.

«Құдай-ау, қайда сол жылдар?
Махаббат қызық мол жылдар...
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар»-

деп толғаған маржан жырында Абай қазақ әдебиетінде «Махаббат» деген сөзді тұңғыш рет қолданушы деп ойлаймын. Өйткені Абайға дейінгі ақындардан «Махаббат» деген сөзді көзім шалмапты... Мүмкін, мен қателесермін...

*«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?*
*Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?*
*Махаббат, ғадауат пен майдандасқан,*
*Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?..*
*Жүрегіңнің түбіне терең бойла,*
*Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.*
*Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,*
*Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! –*

деп, күңіреніп өткен Ұлы Абайдың жүрегін ұғу, жанын, жұмбағын түсіну кез келген адамға бұйыра бермес тереңдік екені рас.

## БЕС ДҰШПАН ІСТЕН БЕТЕР ІС...

Қазір «қорқыт дегенде, осылай қорқыт дедім бе?» дегендей, кейбір әсіре белсенділеріміздің Абайдың «Орыс тілін білу керек» деген сөзіне жармасатындары көбейді. Ұлы Абай егер қазақтар болашақта, тіпті Тәуелсіздік алғанына 30 жылдан асса да, өз тілін ұмытып қалатынын білгенде, халқын ілім-білімге шақыру үшін пайдаланған бұл сөзін айтпас еді деп ойлаймын. Қазақты еліктеу, солықтаудан, соның ішінде кесір-кесепат, кедергі, келеңсіздіктен тыйып, «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ» -

Бес дұшпан істен сақтандырып, негізгі «Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой» – Бес асыл іске шақырып келген ұлы ақын һәм хакім ең басты мерездіктен - «бес дұшпан істен» де бетер іс - ұлтты өз тілін ұмытып қалудан сақтандырар еді... Ол заманда Еуропалық дамуға шығар жолда жатқан ең үлкен іргелес ірі елдің үстінен аттап немесе ұшып өтіп кете алмайтының қандай анық болса, саяси бодандығың тағы бар, «орыс тілін» орағытып өте алмайтынымыз бесенеден белгілі жәйт болатын. Әйтпесе, Орта Азиядағы ең бірінші заманауи нағыз партия бола білген, саяси бағдарламасының ең басты бағыттары Ұлтшылдық - Жер мен Тілдің мүддесін қорғау болған Алаш көсемдері Абайды «Қазақтың бас ақыны» (Ахмет Байтұрсынұлы) деп бағалап, өздеріне ұстаз тұтар ма еді... «Бала қай тілде оқыса, сол ұлтқа қызмет етеді» (Жүсіпбек Аймауытұлы) деп ашынған Алаш арыстары ұлт болашағына ең үлкен қатердің қайдан келе жатқанын да жақсы ұғынып, саяси көрегендікпен сақтандыра білді.

Қазақтардың өз тілін ұмытып қалғанын өз көзімен көріп кеткен, «Абай екеуміздің арамызда бала жоқ» дейтін Қазақтың Қадырының да:

«Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!» – деген елге әйгілі егіз жолының орындарын ауыстырып:

«Өз тіліңді бәрің біл-
Өзге тілді құрметте!»-

деп жазу да ойында кеткен болар деп ойлаймыз.

## АБАЙ МҰРАСЫ ДАЙЫН БАҒДАРЛАМА

Иә, Абай насихаттаған «Бес асыл іс» қазіргі мемлекетіміз ұстанып отырған жас ұрпақ санасына адал еңбек ету құндылығын сіңіру, еңбек адамын құрметтеу бағытымен сай келеді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген Абайдың 180 жылдығы биылғы «Жұмысшы мамандығы жылына» тура келгені де сәулелі сәйкестік!

Иә, Абайдың «Қара сөзі» дара сөз, ал маңызы мен мәні зор насихаттық жырлары дайын бағдарлама!

«Біріңді қазақ бірің дос,

Көрмесең істің бәрі бос» деген ұлағатты жырдан ұғарымыз көп. Ұғып қана қоймай, сол ұстанымды берік ұстану керектігі жетпей тұр қазір... Ал «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген өсиетін ұстану үшін үлкен жүректі, игі тілекті жан болу керек.

## АБАЙ ОБЛЫСЫ АТАНУЫНА ДА ҮЛЕС ҚОСТЫҚ

2020 жылы 16 қазанда «Қазақ үні» газетінде:

Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы ең алғаш «Қазақтың Бас ақыны» деп бағалап, Алаш ұстаз тұтқан Абайдың 175 жылдығында Семейдей өз қаласына немесе облысты қайта ашып, ұлы ақынның атын берсек жарасады. «Ақ жол» басшысы Азат Перуашев парламентте көтеріп келе жатқандай, Семейге республикалық статус беру немесе облысты қайта ашуға ешкімнің дауы жоқ шығар дейміз.



Елімізде Жамбыл облысы, Сәтбаев қаласы бар, енді ұлы Абайдың жылында Абай облысы болып жатса, жақсы жалғасу болар еді...»-деп жазған екенбіз.

Сол 2020 жылғы 16 қазаннан 16 ай өткенде, 2022 жылы 16 наурызда, тура «Ақ жол» партиясының 20 жылдығы күні ҚР Парламенті палаталары біріккен отырысындағы Президент Жолдауында мемлекет басшысы Қ.Тоқаев бұрынғы Семей облысының қайта ашылатынын, облысқа Абайдың аты да берілетінін жариялады.

Біз жиыннан шыға сала қоршап алған журналистер ортасында тікелей эфирде Абай облысының және Ұлытау, Жетісу облыстарының, үш облыстың ашылғаны туралы халықтан сүйінші сұрап, жариялаған.

Бес күннен кейін басталған Наурыз мейрамында Абай облысының зиялы қауымы Азат Перуашев екеумізді Семейге құрметтеп шақырып, қалалық телеарнада сұқбат бердік.

Бүгінде 180 жылдығын лайықты тойлап жатқан Ұлы Абайдың атындағы облысқа Ақ жол! Алла жар болсын!

Абай тойы - Алаш тойы!

Абай тойын - Ұлы ақын ұлағатын ұлттық тұрғыдан ұға білудің жарқын рухани дүниесіне айналдыра білуіміз керек. Бұған бәріміз де атсалысу – ізгі парызымыз!

Сөзімнің соңын 1995 жылы Ұлы Абайдың 150 жылдығында, осыдан 30 жыл бұрын жазылған жырмен қорытайын. Сол кезде еліміз бойынша мүшәйра болып, таңдаулы жырлардың барлығы «Егемен Қазақстан» газетінде әр нөмір сайын жарияланып отырды.

## АБАЙҒА

*Түзелмесе ел – түзелген сөзді ұғар кім?*
*Түңілген соң ұмытып кезді жарқын,*
*Жатып апты жақ ашпай жан адамға*
*Қайран Абай алдында көз жұмардың.*
*Сұм дүниенің сырт берген сұрқын көріп,*
*Ылажсыздан алды ма ырқын беріп...*
*Үнсіз қалған жұмбақ жан сезді ме екен,*
*Үн қатарын әлемге бір күн келіп...*
*Сыбырластың сырластан сыйы бөтен,*
*Сынық көңіл сияр ма үйіне кең...*
*Оразбайдың қамшысы күйік емес,*
*Оянбай ел жатқаны қиын екен...*
*Сірі қалып, сіреспе, сілкінбеген,*
*Ұлағатты ұқпаса ұлтың кереңн...*
*Мұхит жырдың түбіне бойладық па,*
*Беті тұнық, тереңі бүлкілдеген...*
*Тіл қатпадың, тіл алмай тілмар халқың,*
*Айыра алар асылдың кім бар парқын...*
*Мұң-қайғыға уланып мұнар тарттың,*
*Мұқым елің өзгертпей мұңдар қалпын...*
*Тұйықталды тым-тырыс тылсым кеуде,*
*Кемеңгердің қай сырын білсін пенде...*
*Жалын көміп кетіпті Шыңғыстауды,*
*Жарлы емес, зарлы ақын күрсінгенде...*
*Енді бүгін еліңнің ең керегі –*
*Сақал бояр саудасы дөңгеледі,*
*Пұлды болсаң құндыға теңгереді,*
*Дарындыны қарынды кем көреді.*
*Өзгеше ыстық қарайтын өркенің көп,*
*Өзіңе емес...бейнеңе теңгедегі...*
*Қалмау үшін қалғумен жолда құлап,*
*Тірілген жүр тірлігін зорға құрап...*
*Есек артын жууда есті біткен,*
*Оңайлықпен табылмас ол да бірақ...*
*Күйінумен көңілің қуыс керней,*
*Демеу берер деміксең туыс нендей?..*
*Уылжыр дәм уыста еріп кетіп,*
*Уылады таңдайың у ішкендей...*
*Демі азайып жатса да күнде мейлі,*
*Дерттізар ғып буса да жыр көмейді,*
*Үгітінен үміті үзілді ме,*
*Үндемейді ұлы ақын, үндемейді...*
*Сендей дана тудырған ұлы елімді,*
*Түгел танып дүние біле білді.*
*Айтпай кеткен алайда соңғы сөзің*
*Бүгін менің қинап жүр жүрегімді...*

**Қазыбек ИСА,**
**ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты**

**Учебные миссии, гуманитарная помощь, обещания поддержки и безопасности. США не шли на территорию Центральной Азии танками. Они заходили через встречи, соглашения, тренинги. Через логистику, базы и обещания светлого будущего.**
**Сначала это были Кыргызстан и Узбекистан. Базы, миллионы долларов помощи, обещания безопасности. Но реальность оказалась сложнее.**
**В Кыргызстане – «Ганси», стрелявшие солдаты, скандалы с топливом, протесты. В Узбекистане – отравленная почва базы К2, десятки заболевших солдат, международные иски.**
**Таджикистан – программы обучения, контртеррор. Но вместе с ними растущая зависимость от внешнего вмешательства. Туркменистан лишь номинально придерживался нейтралитета. Но и там американцы пытались зайти через дипломатию и логистику. Безуспешно.**




# КАКОВ НА САМОМ ДЕЛЕ ИНТЕРЕС США В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

В последние годы США также значительно усилили активность в сфере разработки ключевых минеральных ресурсов ЦА. Особенно это касается Казахстана, где Вашингтон проявляет повышенный интерес к месторождениям лития и редкоземельных элементов. В процесс активно вовлечены американские компании, а взаимодействие между предприятиями США и Казахстана стало крайне тесным. Казахстанское правительство, в свою очередь, заинтересовано в доходах от добычи полезных ископаемых и рассчитывает получить дополнительные выгоды от сотрудничества с американцами. В июне 2025 г. посол Казахстана в США Ержан Ашикбаев на форуме «США–Центральная Азия» призвал американскую сторону инвестировать в создание комплексной системы вокруг ключевых полезных ископаемых, включая инфраструктуру и переработку.

На фоне всех этих операций одно общее последствие: экология, протесты, рост влияния других держав. А регионы оказались между молотом и наковальней: Вашингтоном и Москвой. Или Пекином.

И сегодня, когда разговоры о возвращении американского влияния вновь звучат громче, возникает главный вопрос:

Готов ли регион вновь заплатить такую цену? Или он усвоил урок и выберет путь независимости, а не зависимости от чужих интересов?

### ПОМОЩЬ ПЯТИ СТРАНАМ РЕГИОНА

На первом саммите в Нью-Йорке в 2023 г., в котором приняли участие лидеры США и пяти стран Центральной Азии, Вашингтон объявил об увеличении объема финансирования, выделяемого на безопасность региона, оказании помощи пяти странам в разработке месторождений полезных ископаемых и укреплении их энергетической безопасности.

19 сентября 2023 г. лидеры США и стран ЦА впервые встретились в Нью-Йорке на саммите формата «С5+1». Встреча состоялась в рамках Генеральной Ассамблеи ООН.

Помимо тогдашних президента США Джо Байдена и госсекретаря Энтони Блинкена, в саммите приняли участие президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев, президент Кыргызстана Садыр Жапаров, президент Таджикистана Эмомали Рахмон, президент Туркменистана Сердар Бердымухамедов и президент Узбекистана Шавкат Мирзиёев.

США объявили об увеличении финансирования мер по обеспечению безопасности в ЦА, оказании помощи пяти странам региона в разработке месторождений полезных ископаемых и укреплении их энергетической безопасности.

### ИНТЕРЕС США В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Стратегия США по ЦА не была сразу ясна, но с годами она эволюционировала от некоего понимания своих целей к более конкретному набору задач. Начало военной контртеррористической операции «Несокрушимая свобода» в Афганистане в 2001 г., несомненно, стало поворотным моментом. В 2002 г. госсекретарь США Колин Пауэлл, выступая перед членами Комитета по международным отношениям Палаты представителей США, чётко заявил, что «Соединённые Штаты добьются долгосрочного интереса и военного присутствия в ЦА, которые ранее были немыслимы». Теракт, совершённый «Аль-Каидой» против США, предоставил им возможность начать новую геополитическую игру в Центральной Азии.

Очевидная цель этой игры – вытеснить Россию из региона и ограничить амбиции Китая в ЦА и Персидском заливе. Если Россия и Китай не контролируют Центральную Азию, они не смогут считаться значимыми игроками на мировой арене.

Как видно, в большинстве случаев политические интересы преобладают над экономическими. В текущий исторический момент США не особенно обеспокоены экономической составляющей геополитического значения ЦА, поскольку она не влияет на благосостояние страны. В качестве доказательства можно привести доклад «Центральная Азия в стратегии и оперативном плане США», подготовленный Американским институтом внешнеполитических исследований для Госдепартамента США в 2004 г. В нём обозначены фундаментальные проблемы и представлены сценарии укрепления США в регионе.

То есть, согласно результатам исследований, проведённых указанным институтом, запасы углеводородов Каспийского бассейна и прилегающей территории имеют определённую ценность для мирового рынка энергоресурсов.

### БОЛЬШОЙ ИНТЕРЕС ДЛЯ США И ЕВРОПЫ

В начале 2024 г. Германский институт международных отношений и безопасности Stiftung Wissenschaft und Politik опубликовал сборник экспертных статей под названием «Средние державы – важные субъекты международной политики». Этот сборник авторитетного института, чьи исследования и без того пользуются большим спросом, вновь удивил мировых экспертов. Поскольку исследователи SWP в статье в основном говорили о державах, включая Казахстан в число средних держав мира, что повышает политический вес нашей страны. В этом списке наша страна пополняет ряд всемирно известных государств, таких как Турция, Израиль, Египет, Саудовская Аравия, Индия, Индонезия, Эфиопия, Кения, ЮАР, Мексика и Бразилия.

«Казахстан богат ресурсами – ископаемым топливом (особенно нефтью), металлами, минералами и редкоземельными элементами, – которые представляют большой интерес для США и Европы. Страна также имеет большой потенциал для производства источников зеленой энергии, к которым ЕС в настоящее время проявляет особый интерес», – пишут эксперты фонда.

### ОСНОВНОЙ ЭКСПОРТ

По данным Министерства торговли и интеграции РК, в Казахстане действуют 688 компаний с участием юридических лиц США. Из них 666 малых, 13 средних и 9 крупных предприятий.

Основными товарами, экспортируемыми из Казахстана в США, являются: сырая нефть – 558,1 млн. долл. США (доля 48,4%), ферросплавы – 435,8 млн. долл. США (37,8%), водород, инертные газы и прочие неметаллы – 28 млн. долл. США (2,4%), трубы, трубки и бесшовные профили из черных металлов – 22,8 млн. долл. США (2%), тантал и изделия из него – 22,5 млн. долл. США (2%), сера – 221 млн. долл. США (1,8%), уран – 9,7 млн. долл. США (0,84%), свинец – 8,6 млн. долл. США (0,74%), пшеничная клейковина – 7,2 млн. долл. США (0,62%).

### ДОЛЯ КАЗАХСТАНА

Однако ранее Казахстан подал крупное международное арбитражное дело против консорциума западных компаний, разрабатывающих крупнейшее нефтяное месторождение Кашаган в Каспийском море. Согласно документам, полученным Международным консорциумом журналистов-расследователей (ICIJ), сумма претензий Казахстана превышает 160 млрд долларов.

По некоторым данным в Интернете, международные нефтяные компании получают 98 % прибыли от добычи нефти, тогда как доля Казахстана остается незначительной.

В январе 2025 г. президент РК Касым-Жомарт Токаев поручил правительству пересмотреть действующие соглашения (СРП). Министр энергетики Казахстана Алмасадам Саткалиев заявил, что Казахстан намерен увеличить свою долю в проектах, сменить оператора консорциума и даже полностью пересмотреть условия контрактов.

Иск Казахстана был зарегистрирован в Постоянной палате арбитражного суда в Гааге и рассматривается Женевским арбитражным судом. Последнее решение суда касается ходатайства NCOC о приостановлении исполнения штрафа, наложенного в 2022 г. за нарушение норм утилизации серы.

Нужно также отметить, что международная организация по исследованию уровня коррупции Transparency International опубликовала Индекс восприятия коррупции (ИВК) за 2024 г. Казахстан занимает 88-е место из 180-и возможных. Страна набрала на балл больше, чем в 2023 г. (40 против 39-и в 2023-м).

Природные ресурсы ухудшают эти тренды как внутри страны, так и на международном уровне, непрозрачность и неподотчетность добычи и продажи полезных ископаемых «дают автократам финансовые средства для укрепления своей власти, подавления инакомыслия и сопротивления реформам». Transparency International обращает внимание на российские государственные энергетические компании, которые тесно связаны с политической элитой страны, способствуют ее обогащению и неподконтрольности. Доминирование России в энергетическом секторе используется как геополитическое оружие для дестабилизации соседних стран, пишет Transparency.

### ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ КАТАСТРОФА ИЗ-ЗА НАКОПЛЕНИЯ СЕРЫ ОТ NCOC

В этом году, по сообщению портала «Курсив», Атырау оказался в эпицентре экологических проблем из-за накопления серы и токсичных выбросов от нефтяной промышленности. И хоть сейчас, по данным карты в режиме реального времени IQAir, качество воздуха в городе среднее, эксперты полагают, что масштабное загрязнение воздуха и почвы угрожает здоровью жителей и экосистеме региона, требуя немедленных решений.

Директор фонда Energy Monitor Нурлан Жумагулов, подлетая к Атырау, снял на фото и видео серные карты комплекса Болашак Северо-Каспийского проекта (Кашаган), видимые с воздуха.

«Вот из-за сверхнормативного хранения этой серы возник гигантский штраф в $5 млрд, который оспаривается NCOC в Верховном суде», – подчеркивает он.

К слову, компания NCOC утверждает, что с 2016 по 2021 гг. лишь накапливала серу, не превышая лимитов размещения.

«В экокодексе есть два отдельных термина – «размещение» и «хранение» серы, а лимиты устанавливаются в отношении «размещения». В любом случае годами хранить на открытом воздухе горы серы не есть хорошо», – предположил Жумагулов.

Данные IQAir в режиме реального времени показывают, что качество воздуха в Атырау «среднее»: PM2.5 – 10,3 мкг/м³, окись углерода – 47,5 мкг/м³.

Между тем, на сайте говорится, что концентрация PM2.5 сейчас в 2,1 раза выше рекомендуемого ВОЗ среднегодового значения нормы PM2.5.

PM2.5 частицы – свободные, твердые частицы в воздухе размером 2,5 микрометров в диаметре или меньше. PM2.5 частицы настолько малы, что всасываются в кровь при вдыхании. По этой причине, эти частицы представляют наибольшую угрозу для здоровья, - говорится в материале портала «Курсив».

По данным того же сайта, месторождение Кашаган, один из крупнейших открытых в мире за последние десятилетия проектов, было введено в эксплуатацию в 2016 г. Проект разрабатывается консорциумом North Caspian Operating Company (NCOC). Акционерами консорциума NCOC являются KMG Kashagan B.V. (16,877%), Shell Kazakhstan Development B.V (16,807%), Total EP Kazakhstan (16,807%), AgipCaspian Sea B.V. (16,807%), ExxonMobil Kazakhstan Inc. (16,807%), CNPC Kazakhstan B.V. (8,333%) и Inpex NorthCaspian Sea Ltd. (7,563%). Консорциум инвестировал в проект около $60 млрд.

Что касается разработки минеральных ресурсов, то она несет определенные последствия для Казахстана и всего центральноазиатского региона. Наряду с ущербом национальным интересам, это также порождает проблемы коррупции и экологические проблемы, что и должно быть главным предметом нашего внимания.

**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
*Qazaquni.kz*

**Газета «Время» отмечает, что 10 дней празднования 180-летия со дня рождения Абая КУНАНБАЕВА на родине великого мыслителя и поэта завершились грандиозными народными гуляньями у подножия горы Караултобе в Абайском районе.**



# ВЛАСТИТЕЛЬ СЛОВА И ЦАРЬ ПОЭЗИИ

ВЛАСТИТЕЛЬ СЛОВА И ЦАРЬ ПОЭЗИИ

В прежние годы власти отмечали юбилеи поэта в урочище Жидебай, где находится музей-заповедник Абая с мемориальным комплексом. Аким области Абай Берик УАЛИ сразу после своего вступления в должность заявил, что 180-летний юбилей великого земляка имеет огромное значение, поэтому надо отметить его по-особенному.

В первую очередь это коснулось места проведения ключевых торжеств. Чтобы местечко Караултобе смогло принять 50 тысяч гостей из всех регионов Казахстана и из 15 стран, были проведены масштабные работы по озеленению и благоустройству. Пресс-служба акимата области Абай анонсировала появление большой открытой сцены с трибунами на 400 мест, площадку для конных скачек, юрточный городок, торговую зону площадью 2500 квадратных метров для предпринимателей, парк, а также системы освещения, водоснабжения, канализации, санитарно-бытовые объекты и качественный интернет.

Я оказалась среди тех, кто пощадке праздника - длинная вереница загонов с сотнями лошадей и жеребят. Это призы для победителей байги и казакша курес. Любимцем малышей стал единственный верблюд со светлой шелковистой шерстью, красивыми глазами и в красной попоне. Детям лучше не знать, что позже животное принесли в жертву в мемориальном комплексе «Абай-Шакарим» в Жидебае.

У арки - входа в Караултобе - гостей встречали шашу, баурсаками и песнями красавицы в национальных одеждах и батыры с беркутами и собаками. Взгляды приковывала шикарная сцена с LED-экранами. А вот 400 мест на трибунах оказалось мало, и даже тюки сена, накрытые корпешками, не помогли всех разместить. Поэтому некоторые зрители просто забрались на вершину Караултобе. Оттуда открылся прекрасный вид на сцену и юрточный городок. Больше 180 юрт с убранством и национальными угощениями появились в степи на деньги предприятий и учреждений региона.

На вершине Караултобе к юбилею установили стелу «Абай елі». Ее четыре основания отражают



желал увидеть небывалое торжество 10 августа в Караултобе своими глазами. Путь к месту проведения праздника был нелегким. Помимо тряски нас ждала пробка на въезде к месту празднования. В результате двухчасовая дорога растянулась на 3,5 часа. Но зато появилась возможность как следует разглядеть село Караул Абайского района. С конца 1980-х село стало местом паломничества для зарубежных журналистов, рассказывающих об ужасах Семипалатинского ядерного полигона. Караул находился в зоне максимального радиационного риска, что не прошло бесследно для здоровья его жителей.

- Приятно видеть гостей издалека, для которых наш Караул в первую очередь родина великого Абая! - улыбается местный аксакал.

Жизнь в Карауле не стоит на месте. Наряду с допотопными строениями немало новых зданий, включая современную школу и дома сельчан, судя по всему, построенных по госпрограммам. На память о 180-летии Абая жителям Караула останется новый парк. Здесь 8 и 9 августа проходили республиканский фестиваль «Жеті қазына» и конкурсы «Сұлу әйел» и «Ер жігіт».

Вдоль дороги к главной пло-

ключевые образы и ценности поэзии Абая.

О вечных ценностях говорили и на сцене. Председатель сената парламента Маулен АШИМБАЕВ зачитал поздравительное письмо от имени президента Касым-Жомарта ТОКАЕВА:

- Абай - это величайший поэт и мыслитель, пробудивший в нашем народе веру в лучшее. Он стал основоположником казахской новой литературы. Именно Абай уделял большое внимание таким качествам, как честность, добропорядочность, учил современников добродетели и трудолюбию. Наследие Абая - это багаж не только нашего народа, но и всего человечества. Ценности, которые он описывает в своих трудах, никогда не устаревают...

Организаторы праздника попытались продумать все до мелочей. Гости по достоинству оценили и яркую концертную программу, и выставку-ярмарку народных умельцев, и... комфортабельные туалеты, которые на массовых мероприятиях в регионе все еще редкость. Значительно облегчил работу представителям СМИ импровизированный пресс-центр, размещенный в шатре.

**Милана ГУЗЕЕВА**

# КАК В МИРЕ ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ АБАЯ

**День Абая широко отметили за пределами Казахстана — памятные мероприятия прошли в России, Турции, Азербайджане, Кыргызстане. В каких городах мира отпраздновали день Абая — в обзоре корреспондента агентства Kazinform.**

### МОСКВА

В Москве отметили 180-й день рождения великого казахского мыслителя, поэта, основоположника письменной казахской литературы Абая Кунанбаева. В рамках мероприятия состоялось торжественная церемония возложения цветов к его памятнику на Чистопрудном бульваре.

Церемония стала уже сложившейся традицией, каждый год в этот день проходит возложения цветов к памятнику Абая, в которой принимают участие казахстанские дипломаты, казахстанские студенты российских вузов, представители обществ казахской культуры Москвы.

Вице-президент — генеральный директор Международной Ассамблеи столиц и крупных городов СНГ Ю.Васюнькин напомнил о величии и значении наследия Абая, которое признано во всем мире, о чем свидетельствует наличие его памятников во многих странах. Он пригласил всех на предстоящий 26 сентября творческий вечер в Московский дом национальностей, посвященный 180-летию Абая и 130-летию великого русского поэта Сергея Есенина.

В рамках мероприятия его участники прочитали Слова Назидания Абая, спели его знаменитые песни «Желсіз түнде жарық ай» и «Көзімнің қарасы».

Памятник Абаю в Москве был открыт 4 апреля 2006 г. День Абая был учрежден постановлением Правительства РК в 2020 г.

### БИШКЕК

В Бишкеке по случаю празднования 180-летия Абая Кунанбаева состоялась церемония возложения цветов к его памятнику.

В мероприятии приняли участие казахстанские дипломаты, члены их семей и представители Ассоциации казахов в Кыргызстане. На празднике участники исполнили песню «Көзімнің қарасы», широко известную среди народа.

В столице Кыргызстана памятник Абаю был открыт на центральной аллее Театрального сквера в мае 2022 г. В церемонии открытия приняли участие Касым-Жомарт Токаев и Садыр Жапаров.

### БАКУ

По случаю празднования 180-летия Абая Кунанбайулы в Баку состоялась памятная акция с участием Посольства Казахстана в Азербайджане, Парламентской ассамблеи тюркских стран, Фонда тюркской культуры и наследия, творческой интеллигенции, абаеведов и писателей Азербайджана.

В начале мероприятия участники почтили память поэта, возложив цветы к его мемориальной доске, расположенной на улице, названной в его честь. В своей приветственной речи советник Посольства Казахстана в Азербайджане Едиль Мырзаханов, поздравив гостей с Днем Абая, отметил, что его бесценное творческое наследие является основой казахской культуры.

### АЛАНЬЯ

В парке имени Абая в Аланье состоялось мероприятие, посвящённое 180-летию со дня рождения Абая. Мероприятие собрало представителей казахских и турецких культурных общин, а также местных властей.

Торжественное событие организовано Генеральным консульством Казахстана в Анталье при поддержке мэрии города Аланья и Почётного консула Казахстана в Аланье Ахмета Джебеджи. Среди почётных гостей были мэр Аланьи Осман Тарык Озчелик и другие представители местных органов власти.

Мероприятие началось с возложения цветов к памятнику Абая в парке, что стало символом уважения и признания его великого вклада в казахскую культуру и мировую литературу.

В своем приветственном слове Генеральный консул Казахстана в Анталье Куат Канафеев отметил усилия наших соотечественников, благодаря которым на гостеприимной турецкой земле звучит казахская речь, сохраняются традиции, передается история — а вместе с ними сохраняется и связь с теми ценностями, которые проповедовал Абай.

В рамках программы прозвучали стихи и песни Абая, переведенные на турецкий язык, что позволило местной аудитории проникнуться духом казахской культуры и философии.

### АНКАРА

День Абая также отметили в Университете Хаджи Байрам Вели в Анкаре при поддержке Центра исследований тюркского мира, Международной организации ТЮРКСОЙ и Посольства РК.

Проректор университета, профессор доктор Метин Орбай, отметил, что Абай был не только поэтом и писателем, но и глубоким мыслителем, проницательным наблюдателем и лидером общества. Он указал, что Абай направлял общество через свои произведения и подчеркнул, что его духовное наставничество до сих пор актуально для современной молодежи.

Директор Центра исследований тюркского мира, профессор доктор Джемиле Кынажы Баран, отметила, что Абай является уникальной личностью, чьё литературное наследие и идеи пережили века и не утратили своей значимости.

— Абай — это не только совесть казахской литературы, но и всего тюркского мира. Проблемы, которые он поднимал в своих стихах и «Словах назидания», остаются актуальными и сегодня. Его призывы к знаниям, человечности и общественной ответственности всегда будут служить нам ориентиром, — сказала она.

В рамках мероприятия был показан короткометражный документальный фильм о жизни и идеях Абая. Затем молодежь из Казахстана, Турции, Кыргызстана и Узбекистана прочитала отрывки из произведений Абая, а преподавательский состав провел специальную лекцию о признании Абая в Турции и на Западе.

**Бекбау ТАЙМАНОВ**



# ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАННЫҢ

### АҚСАҚАЛДАР АЛҚАСЫН АЛҒАШ ҚҰРЫП, БЕДЕЛДІ ҰЙЫМ ЕТТІ

Қазақтың қайратты да қайраткер қариялары қандай болады десе, ойланбастан бірден көрсететін қариямыз – Жарылқасын Әзіретбергенұлы еді... Ағамыздың марғасқа інілерінің бірі Марғұлан Марайым бауырымнан «Жарылқасын көкеміз өмірден өтті» деген суық хабарды ауырып жатып естіп,одан сайын қабырғамыз қайысып, көңіліміз құлазып кетті...

Шетелде жүрген белгілі қоғам қайраткері, Жақаңның жақсы көретін жайсаң бауыры Ислам Әбіш те хабарласты. «Екеуміздің де өзіміз қатты құрметтейтін нартұлға ағамыздың жаназасында иықтасып қатар тұра алмағанымыз қиын болды ғой? Биыл не боп кетті өзі?!. Алдымыздағы Алатаудай ағаларымыз шетінен кетіп жатыр ғой?!. Дулат Исабек, Темірхан Медетбек, Исрайыл Сапарбай, енді міне Жарылқасын көкеміз жалған дүниеден өтіп барады... Пейіште рухтары шалқи бергей!» –деп күйзеле сөйледі.

Иә, өмір болғасын, өмірге келген адам кетеді. Біреу ерте кетеді, біреу ұзақ жасап өтеді... Фәни дүниенің есігінен енген пенде бақи дүние есігінен де шығып кетуі хақ. Сондықтан да, адам аз не көп жасасын, бұл өмірді атам қазақ «Бір есіктен кіріп, екінші есіктен шығып кеткендей, «Қамшының сабындай қысқа ғұмыр» деп атайды...

Иә, Жарылқасын көкеміз аз жасаған жоқ. Құдайға шүкір, 85 жасқа келіп, бақи дүниеге бағыт ұстады. Биыл Ұлыстың Ұлы күні – Әз Наурызды Жарылқасын ағамыздың арнайы шақыруымен бір топ депутаттар бүкіл түрік әлемінің қасиетті ордасы Түркістанда атап өткенбіз. Өйткені, Түркістанда ел бірлігінің темірқазығы – облыстық ақсақалдар алқасының құрылғанына 25 жылдық мерейтойы өткен еді. «Жаңа Қазақстанның алтын арқауы – ақсақалдар өнегесі» атты кең көлемді рухани-мәдени жиынға Түркістан облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы, Түркістан облысының Құрметті азаматы, ел ағасы Жарылқасын Әзіретбергенұлының арнайы шақыруымен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Қазыбек Иса, Абзал Құспан, Қайрат Балаби, Ұласбек Сәдібек, Темір Қырықбай және Нұрсұлтан Байтілес және Сенат депутаты Мұрат Қадырбек Астанадан ат арытып келіп қатысып, ақ тілектерімізді ақтарған едік. Сонымен қатар, сол жиынға Түркістан облысы әкімі орынбасары Бейсенбай Тәжібай бастаған өңірдің мәслихат депутаттары, облыстық басқарма басшылары, еліміздің белгілі қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ақсақалдар мен қала тұрғындары да қатысып, Ақсақалдар мерейтойы Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамына ұласып, дүрілдеген той өткен еді.

Сол мерейтойда, еліміз бойынша ең бірінші киелі Түркістанда құрылған халықтық-қоғамдық институт - Ақсақалдар алқасының ширек ғасырлық тарихы мен өңірдің қоғамдық-рухани өміріндегі рөлі кеңінен шертілді. Ақсақалдар алқасы осы жылдар ішінде елдің бірлігі мен ынтымағын сақтауда, ұлттық салт-дәстүрлер мен құндылықтарды дәріптеуде үлкен еңбек сіңіріп келе жатқан беделді ұйым ретінде бағаланды.

Ақсақалдар алқасы айына екі рет әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларға азық-түлік таратады. Соның бір кезегіне біз де қатысып, куә болдық. Жарылқасын ағамыз бастаған Ақсақалдар алқасы жағдайы нашар 51 отбасыға баспана салып беруге бастамашы болып, ұйымдастырған. Әлі де салынуда. Түркістан қаласының ішімдіксіз қала болуына, елдің ырысты ынтымағына ұйытқы болып жүр.

Бұл Ақсақалдар алқасы мерейтойы – қариясын тыңдаған қазақтың қазынасы мен ынтымақты ырысы ортаймай, берекесі мен мерекесі артқан ел бола беретінін айқын көрсетті.

Ертеңіне Наурыз мейрамында Жақаң:

«Сексеннің сеңгіріне шыққанымда ел тойлады, енді 85 жасымды тойламаймын»-деген еді.

Сонда мен: «Елге қадірлі қайраткер қариямыздың 85 жасқа толған мерейтойын тойлауымыз керек – мың айдың жүзін көріп жатқандар көп емес қой! Тойыңызға келеміз құдай қаласа, ойланыңыз» деген едім.

Сөйтсек, енді ойлап отырсам, түгел түрік ордасы Түркістанға түгелімізді арнайы шақырып алып, өзі құрған Ақсақалдар алқасының ширек ғасырлық мерейтойын Ұлыстың ұлы күні Әз Наурызбен бірге тойлауы – еліне жасаған соңғы тойы сол екен ғой!.. Ақсақалдар ұйымын құрған 25 жылдық жемісті ісіне ел алдында есеп беріп кеткен ерекше жиыны екен-ау!?.

### ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАЖЕТТІЛІККЕ АЙНАЛДЫРУ КҮРЕСІН ТОҚТАТПАУ КЕРЕК!

Бұл талап – Түркістан облыстық ақсақалдар кеңесі төрағасы, белгілі ел ағасы Жарылқасын Әзіретбергеннің биыл 2025 жылы 9 қаңтарда депутаттар ел аралағанда Түркістанда ел зиялыларымен кездескен жиында маған, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдануы жолында күресіп жүрген ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Қазыбек Исаға айтқан ел аманаты еді...

«Қазыбек Иса депутат қана емес, Қазыбек Иса – алдымен ақын. Жай ақын емес, мықты ақын! Жақсы, өткір журналист. Бұқаралық ақпарат құралдарында ойып тұрып орын алатын азамат. Еліміздегі алғашқы демократиялық басылымдардың бірі «Қазақ үнін» шығарып, қаншама үлкен проблемаларды көтерген. Солардың бірінші оқырманы менмін. Қазір Қазыбек Исаның депутат болғанына біраз уақыт болды. Депутаттық нанын адалынан жеп жүрген де осы – Қазыбек Иса. Тіл туралы, ел туралы, қақ жарып, қаймықпай айтып, қайтпай күресіп жүрген де қайсар – Қазыбек Иса. Оны бүкіл халық біледі. Қазір қазақ тіліне жол ашыла бастаған сияқты. Жайлап үміт кіре бастаған сияқты. Бір кездері қазақ тілі тарихқа кететін шығар деген ойда болғанбыз, қазір депутаттардың көбісі қазақша сөйлеп отыр Парламентте. Тілге қойылған талап орындалып келеді. Қашан мемлекеттік тіл туралы заң қабылданғанша, ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАЖЕТТІЛІККЕ АЙНАЛДЫРУ КҮРЕСІН ТОҚТАТПАУ КЕРЕК!



Қазыбек Түркістандағы орталық көшеге қойылған павлин, тауыс құсының мүсіні орынсыз қойылғанын орынды сынады. Иә, оның орнына, қазақ жылқыны қасиетті санаған, Құлагердің ескерткішін қою керек!..

Өткен күзде Түркістанға келгенде ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасы Ерлан Қошанов бауырымыздан «Түркістан туралы заң қашан қабылданады?» деп сұрағанымызда: «Түркістанның ерекше мәртебесі туралы заң» биыл қабылданады. Оған міне, арамызда отырған жерлестеріңіз, депутаттар Қазыбек Иса мен Елнұр Бейсенбаевтар жауап береді»-деп еді. Енді міне, Мәжіліс төрағасы сөзінде тұрып, Түркістан туралы заң қабылданды, парламентке, өздеріңе көп рахмет! Алла разы болсын! Жүздерің жарқын күйде елмен жүздесіп отырсыңдар, Түркістанның ерекше мәртебесі туралы заңымыз құтты болсын!» – деп еді саңқылдап тұрып саңлақ ардагеріміз.



Иә, Жақаңның былтыр қыркүйек айында үлкен жиында ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасы Ерлан Қошановтан «Түркістанның ерекше мәртебесі туралы заң қашан қабылданады?» деп сұрау салуы Түркістан елінің халықтық сауалы еді. Ол сауал абыройлы орындалғаны белгілі.

Ел ағаларымен етене жақын жүретін Ерлан Жақаңұлы да Жарылқасын ақсақал туралы үлкен құрметпен, риза болып айтады. «Алғаш айтқанда, 17 баласы барына сенбедім, бұл үлкен ерлік қой. Кейін Түркістандағы бір отырыста жеңгейді әкеліп таныстырды. Жақаңның әсіресе, шешен сөйлейтіні керемет. Қанша сөйлесе де, сөзінің жұбы бір бұзылмайды екен! Ол кісіні бәрі «Жақаң» дейді екен. Ал мен Жақаңұлымын, сондықтан екеуміз бұрыннан таныс жандардай бірден жақсы сыйласып кеттік» – деп еді сол жолы.

Иә, Жақаң қашан да тауып сөйлегенде қиюын тауып, қыш қалағандай өріп отырады.

Жақаңның қазасын естіп-

# ҚАС ТАРЛАНЫ ЕДІ...

кенде ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасы Ерлан Қошанов көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Жарылқасын Әзіретбергенұлы бүкіл саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнап, кісілік келбетімен, ақыл-парасатымен, ізгі істерімен ерекшеленді. Қасиетті Түркістан өңірінің қоғамдық өміріне белсене араласып, ақсақалдар алқасының төрағасы ретінде байыпты бастамаларға, игі істерге ұйытқы болды. Ел ынтымағы мен бірлігін бекемдеуге мол еңбек сіңірді. Сөзіне жұрт ұйып, көпшілік ақыл-кеңесіне жүгінетін абыз ақсақалға айналды.

Соңына өшпес із, өлмес өнеге қалдырған Жарылқасын Әзіретбергенұлының жарқын бейнесі жақындарының жүрегінде мәңгі сақталып, игі істері жалғасын таба бермек, - деп Жақаңның тұлғасын жақсы бедерлеп жазды Жақанұлы.

Бұл жеделхатты Мәжіліс депутаты Қайрат Балаби оқып берді.

### ЖАРЫЛҚАСЫН мен ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ, ӘЗІРЕТБЕРГЕН мен ӘЗІРЕТ

Жарылқасын көкемнің атына байланысты сол Наурыз мейрамында келген отырыста ауызашарда отырғанда мен де ол кісіге айтып едім.

«Сіздің атыңыз - Жарылқасын. Менің әкемнің аты - Жарылқасын, яғни Жарылқасынұлымын. Сіз Әзіретбергеннің ұлысыз. Ал менің тұңғыш ұлым Әзірет» деп едім, қатты риза болып қалды.

Жарылқасын деген аттар да ұқсас жағдайда қойылған екен. Әзіретберген атамыздың үш ұлы кішкентай кезінде бір күнде ауырып, көз жұмып, бір ұлға зарығып жүргенде жазған өлеңі бар екен:

Көкпар шапқан ұстайды
ердің басын,
Құдайым көрер ме екен
көздің жасын?.
Ақ жарылқап, күн туып,
бір ұл берсе,
Қояр ем оның атын
Жарылқасын! –

деген өлеңін Жақаң әкесінің құрдастарынан естіген екен. Сөйтіп, Әзіретберген алпыс жастан асқанда құдайдан сұрап алған ұлының атын Жарылқасын қояды.

Сол секілді біздің әкеміз Жарылқасын да Иса атамыздың бірінен соң бірі шетінеп берген он үш перзентінен аман қалған жалғыз ұл болғасын -Жарылқасын қойған ғой Алла Жарылқасын деп сыйынып. Бір әпкесі де аман қалған, оның атын да ырымдап Тұрған деп қойған екен.

Жақаң «Біздің әкеміздің, біздің кезімізде Әзірет деген ат көп қойылғанмен, кейінгі кездерде бұндай ат қою азайып кетті ғой, жоқ десе де болады»-деп, ұлымның аты қалай қойылғанын сұрады. «Өзіңіз осы Түркістанда өткен менің елу жасқа толған тойымда елге жақсылап, жыр ғылып айтып бергеніңіздей, келініңіз екеуміз 1991 жылы 20 қарашада Алматыдан шыққан пойызда танысып, алғаш жер басқан қаламыз осы киелі Әзірет Сұлтан бабамыз жатқан қасиетті Түркістан болды. Сондықтан, сол кезде елдің бәрі балаларының атын Нұрсұлтан қойып жатқанда, мен тұңғыш ұлымыздың атын бір Аллаға сыйынып, Әзірет Сұлтанға ырымдап, Әзірет қойғанмын» деп едім, тіпті риза болып, рахаттана күліп алды.

Жарылқасын ағамды ең алғаш жақсы танығаным да енді есіме түсіп отыр. Осыдан он үш жыл бұрын 2012 жылы мен елу жасқа толғанда, ел болып тойлап, оңтүстікте жеті жерде шығармашылық кешім дүрілдеп өтіп, Алматыда қорытындыланды. Нартұлғаларымыз Мұқтар Шаханов, Дулат Исабеков, Темірхан Медетбек, Көпен Әмірбектер қатысты. Соның бірі осы Түркістан қаласында Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің кең залында болды. Сонда ардагерлер атынан Жарылқасын ағам сөйледі. Сөйлегенде бүй деді. Бұрын атын естісем де, жақын араласып көрмеген көкем менің бүкіл өмірбаяным мен мақалаларымды, өлеңдерімді айтып, кәдімгі әдебиетшідей талдап бергенде, таңғалған едім. Тіпті, жоғарыда айтқандай, менің болашақ жарыммен Түркістанға келе жатқан пойызда қалай танысып, қалай үйленгеніме шейін ағылып тұрып, айтып берді. Сол кезде шығармашылық кешті жүргізіп отырған қазақтың белгілі ақыны, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты Қасымхан Бегманов: «Сол сіз айтып отырған біздің ақын Қазыбек Иса інміз ғашық болып, талай жыр жазған ару келініміз де осында ортамызда, залда отыр. Орныңнан тұрып елге көрініп қойшы, қане»-деп, келіндері Жәннатты орнынан тұрғызып, ол көпшілікке сәлем салғаны да керемет болып, ел ду қол шапалақтады. Сөйтсем, әдебиетті жақсы білетін, өзі де кезінде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің штаттан тыс тілшісі болған Жақаң менің шығармаларым мен «Қазақ үні» газетіндегі барлық мақалаларымды түгел оқып жүреді екен. Зерделі зеректік, бауырларын қадағалап жүретін үлкен жүректі қамқорлық деп осыны айт. Қайран, қаракөк дүлдүл көкем-ай!..

Түркістандағы Наурыз мейрамын тамашалап отырып, менің ұшағымның уақыты ерте болғасын, түстің кезінде салтанатты жиын біттей шығып кететін болдым. Содан Жарылқасын көкеммен қоштасып кетуге қасына барған едім, «отыра беріңіз» дегеніме қоймай, 85-тегі қария орнынан тұрып, ат шаптырым алып алаңның шетіне дейін өзі шығарып салды. Не деген зиялы кішіпейілдік десеңші?!. Сүйегі асыл, текті ғой! Қазақстан Үкіметін ең қиын соғыс кезінде 13 жыл абыройлы басқарған, қазақтың талай тарландарын тәрбиелеген Нұртас Оңдасынның туыс інілері ғой артынан ерген. Қаптаған киіз үйлердің шетінде Шардара ауданының әсем киіз үйі тігіліпті. Алдында таппай қойғанмын іздеп. Олар бізді алыстан байқап, есік алдына шығып тұр екен, ән шырқап қарсы алды. Қалай кірмей кетесің, Жақаң бастап, шығарып салушы Қыдыралы Рысбек, Мұрат Ізтілеу ағаларымыз қостап, бәріміз ішке кірдік. Шардаралық өнерпаздар өлеңін мен жазған, әнін белгілі композитор Бауыржан Тұрғара жазған әйгілі «Құдаша қыз» әнімізді әуелете шырқап қарсы алып, әнмен шығарып салды. Мен ол жерде 1989 жылы жазылған «Наурыз тойына» деген өлеңімді оқыдым. Жарылқасын көкеміз жақсылап тұрып, ақ тілегін айтып, ақ батасын берді.

### АҢЫЗҒА ДА, АБЫЗҒА ДА АЙНАЛҒАН

1987-2001 жылдары Амангелді колхозын басқарып, кейін де басшылық жұмыстарда болған, Н.Оңдасынов музейін ұйымдастырып, басқарған, халқына адал еңбек еткен Жарылқасын Әзіретбергенұлы «Абыройды сатып ала алмайсың, ол бұйрықпен берілмейді, халыққа еткен еңбегің береді» деген айқын ұстаныма өмір бойы берік бола білді. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың өзі Жақаңды жақсы құрметтеп, кеудесіне жарқыратып «Барыс» орденін тақты. Одан өзге де «Парасат» ордені және бірнеше медальдармен марапатталды. Ең бастысы өз ұстанымына адал болып, халықтың абыройына ие болды.

Былтыр 2024 жылы күзде Қазақстанның әр өңірінде аталып өтіп, қорытындысы Түркістанда өткен ел тарихында ерекше орны бар біртуар мемлекет қайраткері, нағыз туралықты ту еткен нартұлға Нұртас Оңдасынның 120 жасқа толуына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатыстық. Астанадан арнайы келген мен ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтау хатын оқып, сөз сөйледім. Сонда Жақаң да туыс ағасы, ұстазы Нұртастай кемел тұлға туралы кеңінен толғап, кестелі сөйлеп, елді риза еткен еді-ау...



Жақаңды соңғы рет биыл ақиық ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Темірхан Медетбек інісінің қазасында көрдім. Ауырып жүрсе де, ауыр қазаға келді. Қабырғасы қайысып тұрып, қоштасу сөзін айтып еді...

Енді сөзімнің соңында сол ақын Темірхан інісінің қатты жақсы көретін Жарылқасын ағасына арнаған арынды сөзінің аяғы мен жалынды жырын келтіріп, қорытсам деп отырмын:

«...Әттең бізде «Ардақты әке» деген атақ жоқ, болса ғой сол атаққа бірден бір лайықты адам Жақаң болар еді. Өздеріңіз айтыңыздаршы, осындай ағаның барына қалай мақтанып, қалай шаттанбассың! Өлең жазатын адаммын ғой, мақаламды «Он жеті баланың әкесі Жарылқасын Әзіретбергенге ақ тілек» деген өлеңмен аяқтағым келіп тұр.

Оу, Жақа,
Елге қадірлі,
Бірақ та бір ұлға зар болған
Әзіретберген көкеміздің
Алпысында көрген
Жалғыз баласы едің,
Көзінің Ағы мен қарасы едің!
Құдай берді ғой!
Бергенде де Құлай берді ғой!
Жап-жас кезіңнен
Қызылқұмның
Аптабында ширап,
Қаратаудың Шақпақ тасына
Қайралдың.
Он жеті Перзент құшақтап,
Он жеті жерден отау тіктіріп,
Ұшар басына Құс қана жететін
Бәйтерекке айналдың.
Егер бүгінде Алтын алқаны
Еркекке берер болса,
Соны сіз алар едіңіз.
Шалқып бір қалар едіңіз.
Көсілсең – көсемсің,
Шешілсең—шешенсің.
Оңтүстік аймағын
Аузына қаратқан
Ақсақал- ағасың,
Бірде данасың,
Бірде дарасың!
Сенімен мақтанам,
Уа, Жақа, жерлесім.
Өйткені сен деген
Таусылып бітпейтін
Қазына көмбесің.
Саған тілерім:
Жүрек пен жаныңның
Жарық пен шуағы
Ғасырда сөнбесін!» – деп, қиядан шауып, қисынын тауып, кеңінен толғаған еді Жақаңның мерейтойында Ақиқаттың алдаспаны Темірхан МЕДЕТБЕК ағамыз. Алды пейіш, арты кеніш бола бергей дүлдүлдердің!

Алла алдынан жарылқасын Жарылқасын көкемнің!

Ауырып қалып, қоштасуда бола алмағанымыз, топырақ сала алмағанымыз өкініші...

Сөйлесе -сөздің шешені, істесе - істің көсемі, аңызға да, абызға да айналған Жарылқасын ағамыздың жарқын істері ешқашан ұмытылмайды. Өйткені, ел үшін істеген істі ел де естен шығармайды!

Асыл жары Ұлбосын жеңгемізге, ұл-қыздары мен туғантуыстарына көңіл айтамын. Бүкіл Түркістандықтарға көңіл айтамыз.

Пейіште рухыңыз шалқи бергей қасиетті Түркістанның қас тарланы!



**Қазыбек ИСА,**
**ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты**

**29 августа весь мир отметил Международный день действий против ядерных испытаний. Он посвящен Казахстану и его вкладу в мировую стабильность. Старший эксперт Института внешнеполитических исследований при МИД РК Сергей Савельев рассказал агентству Kazinform о специфике ядерной дипломатии в современных условиях.**

# ЯДЕРНОЕ РАЗОРУЖЕНИЕ – ПРЕВЕНТИВНАЯ ДИПЛОМАТИЯ, РАБОТАЮЩАЯ НА КАЗАХСТАН



**– Мы сегодня живем в условиях геополитической напряженности, в которую вовлечены ядерные державы. Как бы вы охарактеризовали сложившуюся ситуацию?**

– Ситуация, складывающаяся вокруг договоров, формирующих современную систему разоружения и нераспространения, остается сложной. Наблюдается замедление динамики сокращения ядерного потенциала, прежде всего США и России, обладающих около 90% ядерных боеголовок. Тем не менее, благодаря достигнутым в предыдущие годы между СССР и США договоренностям удалось заметно ограничить рост числа боезарядов и снизить накал гонки ядерных вооружений.

Вступивший в силу в 1994 г. Договор о сокращении стратегических наступательных вооружений (СНВ-1) впервые предусматривал их значительное физическое сокращение.

Если говорить о дне сегодняшнем – срок действия СНВ-3 между США и Россией, ограничивающего число боезарядов и их носителей на более низком паритетном уровне, истекает в начале 2026 г., а перспективы его продления или разработки нового, по политическим и техническим причинам - низкие. В случае нормализации двусторонних американо-российских отношений стороны, скорее всего, попытаются восстановить взаимодействие.

В этих условиях повышается значение инструментов многосторонней дипломатии. Главным остается основополагающий Договор о нераспространении ядерного оружия (ДНЯО), статья 6 которого призывает все государства «вести переговоры об эффективных мерах по прекращению гонки ядерных вооружений в ближайшем будущем и ядерному разоружению, а также о договоре о всеобщем и полном разоружении».

Усилия казахстанской дипломатии направлены на укрепление Договора в качестве одной из основ архитектуры международной безопасности по предотвращению гонки ядерных вооружений. В данном контексте особое значение имеет наше успешное председательство в Препкоме по подготовке Обзорной конференции ДНЯО, а также предстоящее председательство во Втором Главном комитете на главном мероприятии обзорного цикла в 2026 г.

**– Согласно оценкам Федерации американских ученых (ФАУ), есть вероятность, что ряд государств могут увеличить свои ядерные арсеналы. Какие усилия могли бы переломить эту тенденцию?**

– По оценкам ФАУ, ядерным оружием владеют 9 стран (12 241 боеголовка). Подавляющее число приходится на Россию – 87% (5450 боеголовок – 1718 в развернутом состоянии, 4309 в местах хранения) и США (5177 боеголовок, 1770 в развернутом состоянии, 3700 – на хранении), на остальные – 13%.

Большинство обладающих ядерным оружием государств не обнародуют данных о точном объеме своих арсеналов, поэтому информация независимых аналитиков носит приблизительные оцен-



ки: Великобритания – 225 ядерных боеголовок, Франция – 290, Китай – 600, Индия – 180, Пакистан – 170, КНДР – 50, Израиль – 90 (не подтверждает, и не опровергает наличие ядерного оружия).

Следует учитывать наличие американского ядерного оружия в 5 странах в рамках «Совместных ядерных миссий НАТО» в количестве порядка 100 единиц в Германии, Бельгии, Голландии, Италии и Турции. В качестве ответной меры, Россия разместила неизвестное количество тактического ядерного оружия в Беларуси.

При этом как официальные, так и де-факто ядерные государства считают ядерное оружие ключевой составляющей своих доктрин безопасности и в обозримой перспективе вряд ли откажутся от обладания им.

Касательно вопроса о наращивании ядерных потенциалов. Великобритания в 2021 г. озвучила планы по увеличению количества боезарядов до 260, то есть на 30-40 единиц.

Вместе с тем, сложно комментировать существующие оценки о наращивании потенциала КНР. Попытки Вашингтона подключить Пекин к процессу контроля над ядерными вооружениями, хотя бы на уровне повышения уровня открытости в части его арсеналов и ядерной доктрины не находят отклика. При этом Китай следует политике поддержания минимального ядерного потенциала для обеспечения своей безопасности и неприменения ядерного оружия первым.

Скорее всего, в ближайшей перспективе размер ядерных арсеналов большинства стран не изменится, а если повысится, то незначительно. Основной акцент будет сделан как на модернизацию боезарядов в сторону увеличения их мощности и миниатюризации, так и средств доставки для повышения дальности и точности, а также гиперзвуковых вооружений.

**– Центральная Азия объявлена безъядерной зоной в обмен на гарантии безопасности. Насколько реальны гарантии по таким обязательствам?**

– Существует пять зон в Латинской Америке и странах Карибского бассейна, Южной части Тихого океана, Африке, Юго-Восточной Азии и Центральной Азии, свободных от ядерного оружия. Они объединяют более ста государств, запретивших ядерное оружие на своей территории. Взяв на себя добровольные безъядерные обязательства, участники зон рассчитывают на получение от ядерных государств юридически обязывающих гарантий безопасности.

Полноценное международно-правовое оформление получил лишь договор Тлателолко, протоколы о гарантиях к которому подписали и ратифицировали все страны P5. В отношении других договоров, включая Семипалатинский, протоколы подписаны всеми ядерными странами, а ратифицированы всеми, кроме США.

Напомню, что негативная гарантия безопасности – это гарантия государства, обладающего ядерным оружием, что оно не будет применять или угрожать применением ядерного оружия против другого неядерного государства, в данном случае государств, входящих в состав безъядерных зон. Позитивные гарантии безопасности – это обязательство оказать поддержку, включая военную, государству, подвергнувшемуся нападению.

Главным аспектом гарантий безопасности является их юридически обязывающий характер и на сегодняшний день не просматривается каких-либо весомых причин по отказу от выполнения их странами, официально обладающими ядерным оружием. Вопрос о предоставлении гарантий от де-факто ядерных стран (Индия, Пакистан, Израиль и КНДР) не регламентирован ДНЯО.



*Монумент «Сильнее смерти»*

**– Казахстан является мировым лидером ядерного разоружения. Как эта активная позиция отражается на внешней политике нашей страны?**

– Наибольшую известность и авторитет в мире Казахстан приобрел благодаря приверженности и активному участию в глобальном процессе ядерного разоружения. Как подчеркнул наш Президент, ядерное разоружение стало важной частью внешней политики и нашей национальной идентичности.

Знаковым событием стало закрытие 29 августа 1991 г. Семипалатинского испытательного полигона, на котором было проведено 456 ядерных испытаний.

Сегодня Казахстан один из лидеров глобального антиядерного движения. Именно на это направлены наши известные инициативы, получившие широкое международное признание, среди них:

– Провозглашение 29 августа днем действий против ядерных испытаний (резолюция ГА ООН, 2009);

– Принятие Всеобщей декларации о построении мира, свободного от ядерного оружия (2015);

– Предложение избавить мир от ядерного оружия к 100-летию ООН в 2045 г. (2017);

– Резолюция «Решение проблемы наследия ядерного оружия: Оказание помощи жертвам и восстановление окружающей среды государствам, пострадавшим от применения или испытаний ядерного оружия» (2023).

На ядерном разоруженческом треке, кроме уже упомянутого ДНЯО, значительные усилия нашей дипломатии направлены на вступление в силу другого основополагающего документа – Договора о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний. Особо следует отметить уникальность казахстанско-японского сопредседательства по Статье XIV ДВЗЯИ в 2015-2017 гг., итогом которого стало впервые в истории Организации принятие совместного заявление лидеров двух стран, подтвердивших твердую приверженность скорейшему вступлению в силу ДВЗЯИ. Казахстан вносит практический вклад в укрепление деятельности Организации. В нашей стране расположены пять станций, входящих в состав Международной системы мониторинга за ядерными испытаниями.

Казахстан присоединился к Договору о запрещении ядерного оружия и председательствовал в Третьей конференции государств-участников ДЗЯО, главным итогом которой стало принятие Политической декларации. Уникальным в договоре являются положение о помощи жертвам ядерных испытаний и реабилитации зараженных территорий, а также продвижение в этих целях вопроса создания Международного трастового фонда.

Также следует упомянуть создание Банка низкообогащенного урана МАГАТЭ на Ульбинском металлургическом заводе, в целях обеспечения гарантированных поставок ядерного топлива в случае дестабилизации рынка или нарушения действия других механизмов поставок топлива для атомных электростанций. Это также позволяет государствам не прибегать к самостоятельному обогащению урана и соответственно снижает риски глобального распространения.

Взаимодействие с МАГАТЭ, одной из главных задач которого является контроль за непереключением ядерных программ на военные цели, актуализировалось после проведения в РК референдума о строительстве АЭС. При строительстве станции будет максимально использован опыт, сформулированный в серии рекомендаций и норм МАГАТЭ.

В целом, проведение выверенной и многовекторной политики в области ядерного разоружения и нераспространения позволило укрепить международный авторитет и позиции Казахстана в качестве ответственного и предсказуемого члена международного сообщества.

Позитивное восприятие позиций нашего государства по многим актуальным вопросам связано с тем, что Казахстан предлагает взвешенные решения, основанные на четком следовании целям и принципам Устава ООН.

Выверенные и конструктивные подходы на международной арене позволили повысить роль Казахстана в качестве Средней державы. Как отметил Касым-Жомарт Токаев, «приверженность Казахстана многостороннему подходу непоколебима, необходимо «строительство мостов, а не стен» для преодоления общих проблем, наиболее разрушительной из которых является ядерная угроза.

Казахстан своими действиями и собственным примером демонстрирует, что самой надежной основой безопасности является не обладание ядерным оружием, а базирующаяся на следовании Уставу ООН конструктивная внешняя политика, направленная на укрепление международного мира, обеспечение стабильного и устойчивого развития государства.

**Айгерим ДУЙСЕМБАЙ**




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Сот залында:*
*– Сіз мына кісінің туысқанысыз ба?*
*– Иә, бірақ біздің арамыз аса жақын емес. Алыс туысқаным болады ол маған. Біз бір үйде 15 бала өстік. Бұл кісі үйдің тұңғышы болса, мен – кенжесімін.*
*****
*Сот залында:*
*– Театрға ішіп алып барғаныңызды мойындайсыз ба?*
*– Мойындаймын! Сау болсам, театрға жолап нем бар?!*
*****
*Әйелі күйеуіне:*
*– Арақты кесемен ішетін жағдайға жеткенсің бе?*
*– Дәрігер: «стақанды қолыңа алушы болма!», – деді емес пе?!*
*****
*Дүкендегі оқиға.*
*– Маған бір шөлмек арақ беріңізші.*
*– Ал сен 18-ге толдың ба?*
*– Ал сізде ішімдік сатуға лицензия бар ма?*
*– Не болды, ашуланып? Бар ғой...*
*****
*Бір жігіт дүкен әкімшілігіне шағымданып жатыр:*
*– Сіздер неге халықты алдайсыздар?*
*– Жала жабуға болмайды, біз не деп алдадық?*
*– Сіздер кір жуатын ұнтақтың қорабына, «сыйлық ретінде 100 грамм тегін аласыз» деп жазып қойыпсыздар. Ашып қарадым, ішінде ұнтақтан басқа ештеңе жоқ. 100 грамы қайда?*
*****
*Екі студент әңгімелесіп отыр.*
*– Егер декан маған айтқан сөзін қайтып алмаса, онда мен университеттен кетемін.*
*– Ол саған не деп еді?*
*– «Университеттен жоғал» деген!*
*****
*Соңғы қоңыраудан үйге келген баласы:*
*– Әке, ақша жоқ, ақша жоқ деуші едіңіздер ғой. Келесі жылы мен сіздерді қинамайтын болдым.*
*– Не дейсің?*
*– Маған енді жаңа кітаптар алудың қажеті жоқ. Жетінші сыныпта қайта оқитын болдым.*

№31-32 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



# ҒАЛЫМДАР ТАҢҒЫ АС ІШПЕУДІҢ ҚАНДАЙ ЗИЯНЫ БАРЫН АНЫҚТАДЫ

**Таңғы асты ішпейтін және кешкі асын тым кеш ішетін адамдарда остеопороз даму қаупі жоғары болуы мүмкін. Мұндай қорытындыға жапондық ғалымдар келді. Зерттеу нәтижесі Journal of the Endocrine Society (JES) журналында жарияланды.**



Остеопороз – сүйектердің морт және сынғыш болуына әкелетін ауру. Оның даму қаупін арттыратын факторлар ретінде темекі шегу, алкогольді шамадан тыс ішу және жеткіліксіз физикалық белсенділік белгілі. Алайда аурудың тамақтану әдеттерімен байланысы әлі де толық зерттелмеген.

Ғалымдар Жапонияның сақтандыру деректер базасындағы 927 мың науқастың мәліметін талдады. Зерттеу нәтижесінде темекі шегетін, алкогольді жиі қолданатын, дұрыс ұйықтамайтын және таңғы асты ішпейтін адамдарда остеопороз бен сүйек сынуы (жамбас, омыртқа, білек және иық сүйектері) жиірек кездесетіні анықталды.

«Біз тамақтану әдеттерінің остеопоротикалық сынықтар қаупіне қалай әсер ететінін бағалағымыз келді. Нәтижесінде таңғы ас ішпеу мен кешкі асты кешішу остеопороз қаупін арттыратынын байқадық», – деді зерттеудің жетекшісі, Нара медицина университетінің медицина және философия докторы Хироки Накадзима.

«Сонымен қатар, мұндай әдеттердің көбіне дұрыс ұйықтамаудан, темекі шегу және аз қимылдау сияқты басқа да қауіп факторларымен қатар жүретіні белгілі болды», – деп толықтырды ғалым.

Instagram парақшамызға жазылып, ең қызықты ақпараттарды бірінші болып оқыңыз!

*Massaget.kz*

**2025 жылы 26 тамыздағы Алматыдағы чемпиондар лигасына іріктеу ойынында «Қайрат» - Сэлтик футбол командаларының жекпе-жегінде қақпашымыз Темірлан Анарбек пенальтиде үш допты кері қайтарды! Бұл футболда өте сирек кездесетін керемет жетістік!**



# ТЕМІРЛАННЫҢ ТЕМІР ҚАҚПАСЫ

## ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ ТЕМІРЛАНЫ – АТЫНА САЙ ҚАЗАҚ ҚАҚПАСЫН ҚОРҒАП ҚАЛДЫ! «ҚАЙРАТТЫҢ» ЕКІНШІ ҚАҚПАШЫСЫ ҚАЗАҚТЫҢ БІРІНШІ ҚАҚПАШЫСЫНА АЙНАЛДЫ!



Баяғы «Қайраттың» даңқты қақпашысы Құралбек Ордабаевты еске түсірді.

Темірлан Қайраттың екінші қақпашысы екен, енді Қазақтың бірінші қақпашысына айналды!

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ ТЕМІРЛАНЫ - АТЫНА САЙ ҚАЗАҚ ҚАҚПАСЫН ҚОРҒАП ҚАЛДЫ!

Сонымен қазақ футболы өз тарихында жаңа белеске көтерілді – «Қайрат» чемпиондар лигасы тобында әлемнің әйгілі футбол командаларымен бір алаңда ойнайды, чемпиондыққа таласады!

Ертең атағынан ат үркетін атышулы «Реал», «Барселоналармен» кездесенде де, Темірланның темір қақпасы сыр бермеуін тілейік!

Өйткені, «Қайраттың» қақпасы - Қазақтың қақпасы!

Қазақ футболының бұл жарқын жеңісін 26 тамыздағы Қазақ автономиялы республикасы құрылғанына 105 жылға лайықты тарту деп қабылдауға болады.

Алла жар болсын!

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**

Қазыбек ИСА:

# ТЕМІР ТҰЛПАРДЫ

## ТЕМІРЛАНҒА БЕРУ КЕРЕК ЕДІ СМАҒҰЛОВ!

«Қайраттың» тарихи жеңісінен және Чемпиондар лигасының негізгі кезеніне жолдама алуынан кейін Astana Motors компаниясының негізін қалаушы Нұрлан Смағұлов командамен кездесіп, бас бапкер Рафаэль Уразбахтин мен қақпашы Темірлан Анарбековті құттықтады.

Ерен еңбегін мойындау белгісі ретінде Смағұлов бапкерге Hyundai Palisade көлігінің кілтін табыстады.

Ал пенальти сериясының батыры атанған қақпашы Темірлан Анарбековке Apple Macbook сыйлады.

Осыған байланысты, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Қазыбек Иса әлеуметтік желіде былай деп жазды:

– Темір тұлпарды Темірланға беру керек қой! Осы уақытқа дейін оны негізгі қақпашы етпей келген, бірінші қақпашы жарақаттанып қалғасын ғана амалсыз ойынға қосқан бас бапкер Уразбахтинге емес?

Еске сала кетейік, 2025 жылы 26 тамыздағы Алматыдағы чемпиондар лигасына іріктеу ойынында «Қайрат» – Сэлтик футбол командаларының жекпе-жегінде қақпашымыз Темірлан Анарбек пенальтиде үш допты кері қайтарды!

Бұл туралы «Қазақ үні» ақпарат агенттігінде Мәжіліс депутаты Қазыбек Исаның «ТЕМІРЛАННЫҢ ТЕМІР ҚАҚПАСЫ» атты жазбасы жарияланған болатын.

*qazaquni.kz*

# ҚАНДАСТАРЫМЫЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Қытайдың Үрімжі қаласында өткен жартылай марафонда үш бірдей қандасымыз топ жарып, жүлделі орындарды иеленді.

Санжы институтының студенті, бірінші разрядты спортшы Ерен Елеусіз мәре сызығын 1 сағат 6 минут 54 секундта кесіп өтіп, чемпион атанды. Оның артынан келген Қазез Бектұрсын күміс медаль иегері болса, Тұрәбіл Төлеухан қола медальға қол жеткізді.

Дүбірлі додада толық марафон, жартылай марафон және 6 шақырымдық қашықтықтар бойынша жүлделер сарапқа салынды. Жалпы саны 14 мыңға жуық желаяқ жүйіріктер қатысқан жарысқа шетелдік спортшылар да шақырылды.

Ерлер арасындағы толық марафонның бас жүлдесі дәрігерспортшы Ли Чжэнюэге бұйырды. Ал күміс пен қола медальдарды қандастарымыз – Досбол Қабылжан мен Бақтияр Оразалы иеленді.

Ақпарат көздерінің мәліметінше, жеңімпаз Ерен Елеусіз соңғы жылдары бүкіл Қытайға танылып келе жатқан жүйрік. Ол өткен жылы Тұрфан және Чжучжоу марафондарында топ жарса, биыл Манши және Лотянь жартылай марафондарында күміске қол жеткізген.

*qazaquni.kz*




**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

*«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:*

| | | |
|---|---|---|
| 1 жылға | қала үшін 5750,88 теңге | ауыл/аудан үшін 5974,32 теңге |

**Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады**

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.



Меншік иесі:
“Қазақ үні” ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Күлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

Астанада “Алты Алаш” дүңгіршектерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте “Қазақпараттың” материалдары пайдаланылды.
Газет “Қазақ үні” компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Гүлмира САДЫҚ

ТОО “Қазақ үні”
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО “БанкЦентрКредит”
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет “Алматы-Болашақ” баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген